


2 Жаңа оқу жылына дайындық пысықталды



3 Жыр дүлдүлі



5 Кенесары – соңғы ханы Алаштың



6 Емделушінің алғысынан артық ештеңе жоқ



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№127-128
(20201-20202)



21 тамыз, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

РЕСЕЙГЕ САПАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барады, деп хабарлайды ҚазАқпарат Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәлиге сілтеме жасап.

«21 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барады. Сапар барысында Президент Владимир Путинмен кездесу жоспарланған. Екі ел басшылары Еуразия кеңістігіндегі өңірлік қауіпсіздік және интеграциялық үдерістер мәселелері бойынша пікір алмасады. Сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестіктің өзекті мәселелері талқыланады», деп жазды Берік Уәли Facebook-тегі парақшасында.

ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫ БАС ҚОСТЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Еуразиялық үкіметаралық кеңес (ЕУАК) отырысына төраға ретінде қатысып, онда ЕАЭО-ның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде бастама ұсынып көтерді деп хабарлайды ҚазАқпарат primeminister.kz-ке сілтеме жасап.

Үкімет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің негізгі экономикалық көрсеткіштерінің сенімді қалпына келтірілуін атап өтті. ЕАЭО аясындағы өзара сауда биылғы қаңтар-маусым айларында шамамен 33 млрд долларды құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 32%-ке артық. Үшінші елдермен сауда көлемі 24,5%-ке өсіп, 371,1 млрд долларға жеткен. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің барлық көлік түрлерінің жүк айналымы 3,1 трлн тонна-километрге жетті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,6%-ке артық.

Премьер-Министр пандемиямен байланысты тәуекелдер бұған дейін болжанғаннан да ұзақ мерзімді сипатқа ие екенін айтып, осыған орай 2020 жылғы сәуірде ЕАЭО шеңберінде экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша қабылданған шараларды өзектендіру қажет екенін жеткізді. ЕЭК-ге тиісті ұсыныстарды 2021 жылғы қазанда өтетін ЕУАК-ның келесі отырысына енгізу тапсырылды. А.Мамин азық-түлік нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, АӨК өнімдерін өндіру бойынша ЕАЭО әлеуетін арттыру және оны сыртқы нарықтарға шығару, секторда қосымша қаржыландыру көздерін қалыптастыру бойынша қосымша бірлескен жедел шаралар қабылдаудың маңыздылығын атап өтті.

Шолпан-Ата қаласына жұмыс сапары аясында Үкімет басшысы Асқар Мамин Қырғызстанның Премьер-Министрі Улукбек Маришоппен екіжақты келіссөз жүргізді.

● САРАП

СУБСИДИЯ: Алашақ пен берешек

Өмірдің қарапайым қағидасын түсіну үшін тым ақылды болудың қажеті шамалы. Санасында түйсігі бар адам әйтеуір сол өмірдің жазылған немесе жазылмаған заңдылығымен тіршілік етеді. Біз осыдан 30 жыл бұрын ескі жүйеден саналы түрде бас тартып, тәуелсіздігімізді жарияладық. Қызығымен бірге, тағдырлы, сындарлы жылдар өтті. Қазір барлығына ойша көз жүгіртесін, қай жерде дұрыс істедік, жаңылған тұсымыз қайсы?

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»



Алғашқыда ел есендіргендей болды. Мемлекеттің ұдайы көмегіне сүйенген жоспарлы экономиканың әлеуметтік әділеттілігі басым болғанын жасырғымыз келмейді. Халық бір күнде барынан айырылған соң қиналды. Кеңестік жүйенің қабырғасы сетінеп, құлағанын көп халық түсінбеді. Олардың санасы мұндай сойқанды қабылдауға дайын емес еді. Бірақ бір шындықты айналып өтуге болмайды. 80-жылдардың орта шенінде жоспарлы жүйенің бүкіл тіршілігі діңкеледі. Сөздер бос қалды. Мұндайда керемет идеология да дәрменсіз. Өйткені қарны аш адамға жақсы сөз, жалынды ұран тамақ болмайды.

Айтпақшы, социалистік экономиканың табиғаты ешкімге ұқсамайтын. Еңбек бағаланады. Үздіктер ордендермен, атақтармен құрметтеледі. Бірақ оның сол кездері жалапақ жұрт түсіне бермейтін түйткілдері көп болды. Есептегі қағаз тым асырып көрсетіледі. Ауданнан облысқа, одан әрі Алматыдан Мәскеуге жетеді. Дегенмен, кеңестік экономика тым мырзалық танытып, өтірік есепке ақша төлейді. Әрбір 100 саулықтан 150-200 қозы, күршітін әрбір гектарынан 80-120 центнер өнім алу есеп бойынша үйреншікті дағдыға айналған. Өзбекстанда тіпті сұмдық. Әрбір гектардан алынып жатқан мақтаның

көтеріңкі есептерінен басыңыз айналады. Бір қызығы, сол цифрларды Мәскеу жақсы көреді. Молдова да, Әзербайжан да, Армения да, Грузия да сондай. Кеңес әлемі құлаған соң нарықтық экономика енді. Бұл өмірдің өзі туғызған қажеттілігі еді. Себебі экономикадағы жалған деректер нарық заңымен үйлеспейді. Өйткені нарық жекеменшік институтын қалыптастырады. Міне, 30 жыл өтті, нарық заңдылығымен өмір сүріп жатқан жайымыз бар. Мұны бір деп қойыңыз.

Енді негізгі айтамызға келейік. Соңғы жылдары Қызылорданың басты дақылды – күршіттің жайы туралы сыпсың әңгімелер жиі айтылатын болды. Әсіресе, облыстың белгілі деген ел басқарған айтулы азаматтарының өзі бүгінгі мәліметтерге күмәнмен қарайды. Әлеуметтік желілерде шындықтың жан-айқайын шығарып жатқандар қаншама?! «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды», демек, сыпсың әңгімелердің сыңайында бір түйткілдің болғаны ғой. Бұл әңгіменің қозғалғанына ондаған жылдардың жүзі болды. Жасыратыны жоқ, біздің де аталған тақырыпты зерделеу үшін көп уақыт жұмсауымызға тура келеді.

Алысқа бармай-ақ, 2020 жылдың егін көрсеткішінен бастағанды жөн

көрдік. «...Сыр дикандары ағымдағы жылғы су тапшылығына қарамастан 89,5 мың гектар күршіттің әр гектарынан 61,8 центнерден өнім алып, ел қамбасына 551,3 мың тонна өнім құйды», деп хабарланды ресми ақпаратта. Ескеретін нәрсе, дәл осы көрсеткіш бізде, өкінішке орай, 2020 жылғы ғана жарияланып отырған жоқ. Бірнеше ондаған жылдардың көрсеткіші арифметикалық өсім бойынша көтеріліп келеді. Осыған орай мемлекеттен беріліп жатқан қаржылай көмектің ауқымы да орасан зор. Мұның сырын білу үшін біз өмірдің кейбір көлеңкелі тұстарына үңілуімізге тура келеді.

Қызықты деректер келтірейік. 1990 жылы Қызылорда облысында әр гектардан 46,5 центнерден өнім жиналыпты. 1993 жылға дейін шамамен осы көрсеткіш қайталану береді. Кейінгі тоқырау жылдарында көтеріңкі көрсеткіштің ешкімге қажеті болмай қалған сыңайлы. 1994-2006 жылдары өнімділік 27-33 центнер аралығын құрайды. Осы жылдарды бекер айтып отырғанымыз жоқ. Аталған кезеңде мемлекеттің қаржы қауқары оншалықты кереметтей емес еді. Мұнай бағасы төмендеді, елдің әлеуметтік күнделікті ахуалын жақсартудың өзі үлкен проблемаға айналды.

3-бет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



21 ТАМЫЗ

• 1991 жылы Елбасы Жарлығымен республикада Қазақ ССР Қауіпсіздік кеңесі құрылды. Кеңестің негізгі мақсаты – еліміздің егемендігін, мемлекеттілігін, экономикалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

• 1992 жылы Қазақстан Республикасы Халықаралық азаматтық авиация ұйымына кірді.

• 2004 жылы Ә.Қастеев мұражайында «ICOMOS Қазақстан» атты жаңа қоғамдық ұйымның тұсаукесер рәсімі өтті. ICOMOS мақсаты – әлемдегі мәдени мұралардың сақталуына көмек көрсету.

• 2012 жылы Астанада «Қазмедиа орталығы» телерадиокомпаниясы ашылды. Ол Қазақстан телерадиоларының басты технологиялық алаңына айналды. «Қазмедиа орталығында» «Хабар», «Хабар 24», «Kazakh TV», «Qazaqstan», «Balapan», «Qazsport», «Мир мемлекетаралық телерадиокомпаниясы», «Асыл Арна», «Евразия бірінші арнасы», «Qazaq radiosy», «Астана», «Shalkar» радиолары орналасқан.

• 2013 жылы теңгенің 20 жылдығына орай құны 50, 500, 5 000 және 10 000 теңгелік төрт түрлі монета дайындалды.

• 2017 жылы қазақстандық ауыр атлет Альберт Линдер Кытайдың Тайбэйінде өткен 2017 жылғы жазғы Универсиададан алтын медаль жеңіп алды. Альберт қоссайыс қорытындысы бойынша, 333 килограмм (148+185) нәтиже көрсетіп, Универсиададан рекорд орнатты.

22 ТАМЫЗ

• 2011 жылы ҚР Ұлттық банкі «Әл-Фараби» (алтын) және «Алдар-Көсе» (күміс) естелік монеталарын айналымға шығарды.

• 2014 жылы Алматыда СССР халық артисі, опералық әнші Ермек Серкебаевтың мемориалдық тақтасы ашылды.

• 2015 жылы Қазақстанның Түркиядағы елшілігінде Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған конференция болды. Онда Қазақстан мен Түркияның екіжақты қарым-қатынастары тарихына, Қазақстандағы айтулы оқиғаларға арналған фотоқорме ұйымдастырылды.

• 2017 жылы Арал маңындағы Қорық ата ескерткіш-кешенінен қобыздың мүсіні табылды. Ғалымдар 40 сантиметр келетін тас мүсінді оғыздар дәуіріне жатқызды. Ол IX-X ғасырларда портты қала Сортаба орналасқан жерде жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде табылды.

• 2017 жылы «Атаулы күндер» сериясымен «Алтын сарбаз» Қазақстан Республикасының алғашқы пошта маркасына 25 жыл» тақырыбындағы пошта маркалары айналымға шығарылды. Пошта маркасында 1969 жылы Алматы маңындағы Есік қорғанында қазба жұмыстарын жүргізу кезінде табылған сақ жауынгері бейнеленген. Ғалымдар бұл кабірдің біздің дәуірімізге дейінгі V-VI ғасырларға жататынын айтады. Осы жылы жерлесіміз, мәнерлеп сырғанаушы Элизабет Тұрсынбаева Канаданың үздік мәнерлеп сырғанаушылары қатысқан клубтық турнирде ең үздік нәтиже көрсетті.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қолөнерге қолдау керек

Дәл осылай айтудың да себебі бар. Әрбір ұлт пен ұлысты бір-бірінен даралайтын тілі мен ұлттық болмысы, мәдениеті мен өнері, оның ішінде – қолөнері. Қазақ қолөнері өзіндік тарихымен ерекшеленеді. Дегенмен, кейінгі кезде кенжелеп келе жатқанына қынжыласың. Қолөнер шеберлерінің сүйікті ісіне деген құлшынысы болмаса мемлекет тарапынан қолдау мен ынталандыру жағы олқы тартып тұрған тәрізді.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



6-бет

● АЛАҢДАРЛЫҚ АХУАЛ

Студенттік жылдары Айна есімді құрбымыз болды. Өзі сұлу, білімді, болашаққа жоспары көп болатын. Ата-анасы қатарынан кем қылмай өсірді, оқу бітіруге сәл қалғанда арманындағы су жаңа көлікті де тізгіледі. Бірақ, оның бір кемшілігі – асығыс жүретін. Ақпан айында Аяның көлік жылдамдығын асырып, қарсы бетке шығып кеткенін естігенде қатты есенгіреп қалдық. Жақында жол апатынан қаза тапқан құрбымыздың анасын кездестіргенімде, көңілім қайта құлазып, өткенге орадым. Бұл тақырыпты қозғаудағы мақсат бір адамға болса да ой салу еді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Жол апаты азаймай тұр



3-бет

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қаладағы бірқатар білім мекемелеріне барып, мектептердің жаңа оқу жылына дайындығын бағамдады.

Аймақ басшысы алдымен Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейге барды. Білім ошағында 230 педагог қызмет істесе, оның 99 проценті коронавирусқа қарсы екпенің толық курсы алған. Қазір мектепте оқитын 2200-ден аса оқушының ата-анасына екпенің маңыздылығы, «Ashyq» қосымшасы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Биыл мектепте 1-сыныпқа 258 бала қабылданбақ. Олардың қауіпсіздігі үшін «бір сынып – бір кабинет» жүйесі сақталған. Өңір басшысы оқушылардың толыққанды, кедергісіз білім алуы үшін карантиндік талаптарды қатаң сақтауды назарға салып, дәстүрлі форматта білім алуға оралған әрбір оқушының денсаулығына жете мән беру керектігін қатаң тапсырды.

«Дәстүрлі форматта балаларымыз мектепке келіп оқитындықтан балалардың карантин талаптарын нақты орындап, сақтық шараларын сақтауына көңіл бөлінуі тиіс. Оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын күшейту қажет.



Ал, әрбір педагог балалардың денсаулығы үшін екпенің толық курсы алуы маңызды» – деді облыс әкімі.

Мұнан кейін облыс әкімі Ж.Нұрманов атындағы №198 орта мектептің оқу жылына дайындығын көрді. Бұл мектепте 2000-нан аса оқушы білім алады. Өткен оқу жылында 287 оқушы дәстүрлі форматта, 1875 оқушы онлайн форматта білім алған. Биыл бұл мектепте 1-сыныпқа 785

бала қабылданады. Жаңа оқу жылындағы тағы бір жаңалық – казак сыныбының ашылуы.

Гүлшара Әбдіқалықова қалыптасқан жағдайды ескере отырып, мектепке оралатын оқушылардың қауіпсіздігі үшін мұғалімдер мен ата-аналардың жауапкершілігі аса маңызды екенін тілге тиек етті.

Білім нысандарын бақылауға алған облыс әкімі С.Толыбеков атындағы №3 мектеп-лицейінде де болды.

Мұнда екі мыңнан аса бала білім алады. Ұстаздардың 100 проценті екпе салдырған. Оқушы санының көптігіне байланысты мектеп үш ауысымға көшу қаупінде тұр. Бұған байланысты облыс әкімі білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымоваға аталған мәселені шешу тетіктерін қарастыруды және адам шоғырын шектеу үшін жаңа оқу жылында барлық мектептерге «бір сынып – бір кабинет» жүйесін қолдануды тапсырды.

Оқудың дәстүрлі форматта өтуіне байланысты барлық мектептер «Ashyq» қосымшасына қосылған. Сонымен бірге, маскалық режимнің сақталуы, кварцтау, желдету, дезинфекциялау шараларын қатаң сақтауы тиіс.

Айта кетейік, аймақтағы 177 196 оқушының он проценті мектеп табалдырығын алғаш аттайды. Яғни 18 мыңнан аса оқушы үшін «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулығы беріледі.

Облыс әкімі жаңа оқу жылына дайындық барысын осылай тағы бір пысықтап, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды толық бақылауда ұстау қажетті шараларды уақытылы қабылдау керектігін қатаң ескертті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Мұрат Бақтиярұлы мен Ақмарал Әлназарова облыстың оңтүстік ауданында болды. Алдымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы бойындағы заманауи қызмет көрсететін орталық – «Жан-Арай» ЖШС сервистік кешеніне аялады.

Сенаторлардың оңтүстік ауданға сапары



Бірегей сервистік кешенің жұмысымен Нұрдаулет Макашов таныстырды.

– 2019 жылы 10 гектар жерге алма көшетінің үш түрін отырғыздық. Биыл 50 гектарға ұлғайтып, онда алманың «Голден», «Джонатан», «Ренет симиренко» түрін қостық. Келер жылы алғашқы отырғызған алма өнім береді. Өнімді сақтап, өңдеу маңызды. Осы себепті сақтау және өңдеу қоймасын көтердік. Көп ұзамай іске қосамыз, – деді.

Халықаралық жол бойындағы сервистік кешен туристік қозғалыстың дамуына да оң әсер етіп, қосалқы шағын бизнес көздерінің қалыптасуына жағдай жасайтын болады. Яғни, кешен төңірегінде кластерлік бизнес дамиды. Сенаторлар осы бағыттағы жүйелі жұмыстарды көзбен көріп, тілектестік білдірді.

Одан кейін «Абдулла» шаруа қожалығының құс фабрикасына барды. Қазір фабриканы іске қосу үшін құрылыс қарқынды жүруде. Жылына 3,5 мың тонна құс етін өндіреді деп күтілуде. Бұл – Сыр өңіріндегі тауық өніміне деген сұраныстың 33% қанағаттандырады деген сөз. Мұнда 12 құс ұстайтын блок болады. Әрқайсысында 20-25 мыңға дейін тауық ұстауға болады. Бастысы 100-ге жуық азаматты тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Депутаттар «7 KZ Сыр Табиғаты» ЖШС-на қарасты тұқым бақтағы бау-бақша өндірісін де көрді. Мұнда төрт жыл бұрын жеміс ағаштарының тұқымы себілген. Оның 95 проценті өніп тұр. Будандастыру жұмысының нәтижесінде қазір алманың 14, жүзімнің 6, өріктің 5, алхорының 4, шие мен алмұрттың 2 түрі бар. Гүлдің де, ағаштың да түр-түрі бар. Тіпті тропикалық, субтропиктік белдеуде өсетін бамбукты да жерсіндіруді қолға алған. Алдағы уақытта табиғи шырын мен тосап жасап шығаратын цех ашу жоспарлануда. Сондай-ақ грек жаңғағын жерсіндірген. Сәндік ағашының 10-ға тарта түрі өсіп тұр. Тұқымбақ «7 KZ Сыр Табиғаты» ЖШС-мен келісім-шартқа отырып, мемлекеттен жеңілдетілген қаржы алуына мүмкіндігі бар. Яғни, кәсіпкер сертификатталған

көшетке Үкіметтен субсидия ала алады.

Сенаторлар «Премиум Класс-Строй» ЖШС-ның әк зауытында да болды. Шикізатты өңдеу – табыстың көзі десек, серіктестік тастан әк шығарып, қысы-жазы өнім өндіріп отыр. Онда тәулігіне 240 тонна әк ақтас өндіріледі. Бүгінде 8 пешке сағатына 1500 куб «көгілдір отын» жұмсалады.

Әктің бағасы қолжетімді. Бір келісі 30-33 теңгеден айналады. Бастысы, сапасы өте жоғары. Сондықтан «Қазакмыс», «Қазак-алтын» және т.б. ірі-ірі компаниялардан сұраныс көп. Оны игеруге мүмкіндік болмай жатыр. Егер тағы 1500 куб газ алуға мүмкіндік болса, тәулігіне әк ақтас өндіруді 500 тоннаға дейін жеткізіп, қосымша 40 адамды жұмыспен қамтып, сұранысты игеруге мүмкіндік артады.

«Көгілдір отынның» мөлшері арта қарқынды өсіп келеді. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ баратын темір жолдан әк зауытына келетін түйіккі жасау да маңызды. Жаңақорған ауданына сапарда сенаторлар «Түгіскен ТҚ» ЖШС күріштік алқабының жұмыс барысымен де танысты.

Серіктестік төрағасы Нематулла Рүстемовтің сөзінше, өнімділікті арттыруға техникаға арқа сүйейтін уақыт келді. Үш жыл бұрын Қытайдан ауылшаруашылық жұмыстарын өңдейтін дрон алдық. Құрылыс арқылы егістіктің қай учаскесіне минералды тыңайтқыштар мен гербицид беру қажеттілігін анықтап, дәл мөлшерде бердік. Біріншіден, шығынды азайтуға, екіншіден, өнімділікті арттыруда септігі мол.

Серіктестік 504 гектар жерге дәнді дақылдың дәнін тасталды. Оның ішінде, «Маржан» (50 га), «АйКерім» (88 га), «Лидер» (366 га) тұқымна басымдық беріпті. Мұрат Бақтиярұлы мен Ақмарал Шәріпбайқызы аудан активімен кездесуді де ұмытпады. Әрине, елде мәселе көп, бірақ түйінді тарақтатын ымыра мен нақты кадам үйлескен жерде ілгерілеу өрісті бола бермек.

Кеше Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлы Арал ауданында болды

«СБ» ақпарат

АЛДА ШЕШУШІ НАУҚАН ЕГІНМЕН ҚАТАР МАЛ АЗЫҒЫНА ДА МӘН БЕРІЛУІ КЕРЕК

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен егін жинау жұмыстарына дайындық және мал азығын дайындау барысы туралы мәжіліс өтті. Оған тиісті сала басшылары және онлайн режимде аудан әкімдері қатысты.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Мәжілісті ашқан облыс әкімі биыл аталған екі мәселенің өзекті болғанын атап өтті. Сондықтан уақыты тиімді пайдалана отырып, оны шешу бағытында тиісті іс-шаралар атқарылуы тиіс.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың айтуынша, биыл барлығы 188,1 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Егін көлемі өткен жылмен салыстырғанда 3,9 мың гектарға артып отыр. Қиын алқабы кемігенмен, оның орнына дән, малазықтық, картоп, көкөніс және бақша дақылдары ұлғайтылды. Ал майлы дақылдар 1018 гектарға кем орналасты. Негізгі дақыл күріштің көлемі – 83,6 мың гектар.

Облыста егін шаруашылығын әртараптандыру бағытында тиісті жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде бидай 11531, жүгері 1569, соя 129, қант құмайы 71 гектарға дейін жеткізілді. Сондай-ақ, 53,5 гектар жерге жеміс-жидек пен жүзім егілді. Егіншілік саласын мемлекеттік қолдауға биыл 4,1 млрд теңге қаржы бөлінді. Ол тұқым, гербицид, тыңайтқыш, басым дақыл және суға байланысты субсидия есебінде төленді. Қаржының қалған бөлігі жыл соңына дейін жоспарға сәйкес игеріледі. Қазірге дейін бидай, арпа, сұлы дақылдарын жинау аяқталса, мақсары, картоп, көкөніс,



тұқымы себілген. Егін үстеп қоректендіріліп, арам шөптерге қарсы өңделді. Нәтижесінде, 83,6 мың гектар күріштің 75%-і «жақсы», 20%-і «орташа», 5%-і «қанағаттанарлық» деп бағаланып отыр.

Мамандардың күріштен орта есеппен гектарына 55-60 центнерден өнім келеді деген жоспары бар.

Күзгі егін жинау жұмыстарына 12,5 мың тонна дизель отыны бөлінді. Оның әрбір литрі 177 теңгеден шаруашылықтарға

Егін жинау жұмыстарына қолда бар 4266 техниканың 98 % дайын. Ауа райына болжам бойынша облыста егінге орақ салу тамыз айының үшінші он күнінде басталып, 10 қазаннан кешіктірмей аяқтау жоспарланып отыр.

Арал-Сырдария бассейндік шаруашылығы инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетовтің айтуынша, қазіргі күні «Шардар» су қоймасында 830 млн текше метр су бар. Бұл өткен жылғыдан 150 млн текше метрге аз. Облыс шекарасына 340 текше метр су келуде. Тамыз айының аяқ шенінде су деңгейі одан да төмендейді деген болжам бар.


Биыл облыста су тапшылығы мәселесіне байланысты тиісті іс-шаралар атқарылды. Осы мақсатта арнайы штаб құрылып, күнделікті қадағалау жүргізілді. Ендігі кезекте қаншама еңбектен біткен егінді ысырапсыз жинап алу – негізгі міндет. Десе де, судың маңыздылығы ерекше. Сондықтан, тиісті мекемелер аудан әкімдіктерімен бірлесіп отырып, суды тиімді пайдалану мәселесіне назар аударуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Мәжіліс барысында Жаңақорған, Сырдария, Қармақты аудандарында атқарылып жатқан жұмыстар таразыланды. Сондай-ақ, мәжілісте мал азығын дайындау барысы да назарға алынды. Аймақ басшысы биылғы қуаңшылыққа орай әзірлікті барынша күшейту қажеттігін ескертті.

Есептеулер бойынша өңірде төрт түлікке биыл барлығы 770 мың тоннаға жуық шөп дайындау қажет. Оның 220 мың тоннасы жонышқа, 8 мың тоннасы сүрлем болғаны жөн. Қалған 541,9 мың тоннасы шабындықтағы табиғи және қамыс шөбін ору арқылы қамтамасыз етіледі. Бұдан бөлек қосымша 172,5 мың тонна күріш сабағын жинап алу межеленіп отыр. Мал азығын дайындау үшін 114 бригада құрылып, оған 1000-нан астам адам мен 170-тен астам техника жұмылдырылды. Қазірге дейін 551,5 мың тонна шөп дайындалған. Бұл қажеттіліктің 71,6 %-ін құрайды. Ал құрама жеммен қамтамасыз етуде облыстан 17 мың тонна жем алынады, күріш өңдеу зауыттарынан 114,7 мың тонна күріш қалдығы өндіріледі. Қалған бөлігі «Азық-түлік келісім шарт» ҰҚ» АҚ арқылы сатып алынады.

Алайда, бұған байланысты Қазылы ауданында бірқатар кемшілік байқалып отыр. Ауданда жем-шөп дайындауда кешеуілдеу бар. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың айтуынша, бұл мәселе жақын күндері толықтай шешіліп, қыркүйек айына дейін 80%-ке жетеді.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімі тиісті сала басшылары мен аудан әкімдеріне аталған мәселелерге орай нақты тапсырма берді.



бақша, жүгері дақылдарын жинау қарқынды жүруде. Жонышканың екінші орымы басталып кетті, – деді басқарма басшысы.

Басқарма басшысының айтуынша, биыл күріштің толықтай жоғары репродукциялы

жеткізіліп берілуде. Бұл бағытта «Нефтьтранс-Қызылорда», «РК Мұнай», «Жаңақорған ОИЛ», «Қызылорда Мұнай Өнімдері» серіктестіктері секілді белгіленген операторлар тиісті жұмыстарды атқаруда.

елдің қорғаны болып қала бермек.

Асыл мұратты Ата заңның бірінші бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп тайға таңба басқандай адам құқығы мен оның өмір сапасы айқын көрсетілген.

Әрбір тармағы адам құқығын қорғайтын Конституциямыздың 17-бабында «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» делінген. Ешкімді

азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқандай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Әр азамат Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті, деп талап қояды. Халықтың еркі көрініс тапқан бұл құжат өзінің нормалары мен

принциптерінің көмегімен ғана емес, бекітілген идеялары арқылы да қоғам мен мемлекетті өркендеті елдердің қатарына жетелейді. Сондықтан қазіргі кезде басты міндет – жеке тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттік органдардың Республика Конституциясына деген дәстүрлі құрметін дамыту. Егер біз осы міндетті орындасақ, алдыңғы қатарлы Қазақстан мемлекетінің қалыптасқаны. Ең алдымен, әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын,

бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Батыр Бауыржан «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деп Ата заңды құрметтеуге шақырса, атам казак «Тура биле туған жоқ, туғанды биле иман жоқ» деп заңмен қорғалатын адам құқығын жоғары қояды. Бұл – мәңгі елдің мәртебелі биігі.

Тілеп ТАЛАНТ,
Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы

Ата заң – адам құқығының арқауы

Тұтас өмір заңдылықтан тұрады. Егер сол заңдылықтың бір шеті сөтінесе, түгелдей құрылымға әсер ететіні ақиқат. Сол секілді мемлекет бекіткен Заң да бар. Ол Заңның да бір бабы, бір тармағы бұзылса, тұтас елдің құқығы бұзылады. Сондықтан Ата заңның әрбір талабы әрбір адамның құқығын қорғау арқылы алып мемлекеттің амандағын, тұтастығын, тыныштығын сақтайды. Сонау Қасымханның қасқа жолы мен Жеті Жарғыдан, тіпті оның ар жағындағы дала заңдарынан бастау алатын Қазақстанның Ата заңы Мәңгілік

Экономикада сыртқы ко-
нъюнктура деген ұғым бар.
Бұл – негізінен біздің басты
байлығымыз – мұнай-газ, басқа
да жерасты қазынамыздың
әлемдік бағасымен ұштасты-
рылатын ұғым. 2000 жылдардың
басында әлемде мұнай бағасы
көтерілді. Сол кезеңнің орта
тұсында ол тіпті барреліне 150-
180 долларға жетті. Қазақстан
бюджеті ернеуінен асып төгілді.
«Артық» ақшаны не істеуге
болады? Оны жұмсаудың
жолын белгілейтіндер табы-
ла кетті. Ауылшаруашылық
дақылдарына мемлекеттік бюд-
жеттен субсидия беріле баста-
ды. Көктем түскен оңай ақшаны
байқаған әлгі пысықтар егістік
көлемін өсіріп, одан түсетін
түсімділікті ұлғайта бастады.

Статистика не дейді? 2014
жылы гектарына 40,2 центнер
өнім алынса, 2020 жылы 60
центнерді төңіректей бастады.
Шындыққа жанаса ма? Зер-
делеу, санада қорыту күрделі.
Дегенмен ақырындап, жылжып
көрерік. Алдымен субсидиядан
бастағанды жөн көрдік.

Көтеріліп отырған мәселенің
сипатына байланысты бірқатар
облыстық ұйымдар басшыла-
рына тиісті қатынастар жол-
дап, олардан жауап алған едік.
Солардың бірі күріш өндірісіне
қатысты 2017-2021 жылдар
аралығында мемлекет тарапы-
нан берілген субсидиялар ту-
ралы мәлімет облыстық ауыл
шаруашылығы басқармасынан
сұралды. Көп ұзамай басқарма
басшысының орынбасары Қай-
ратбек Сәрсенбаевтан жауап
алдық.

Шынын айту керек, күріш
дақыл бойынша мемлекет-
тен осынша көлемде субси-
дия берілетінін күтпеген едік.
Олар негізінен суды жеткізу
бойынша қызметтің, басым
дақылдардың, гербицидтердің
(пестицидтердің), тыңайт-
қыштардың құнын, тұқым
шаруашылығын дамытуды
субсидиялау мәселесін қозғай-
тын еді. Мемлекеттік орган
болған соң есептер қағазға
өрнектеліп, рет-ретімен жазы-
лыпты. Бұл, әрине, құптарлық.
Біз қаржы ұйымы еместіз,
журналистерге қаздай тізілген
цифрлардың қажеті шамалы,
сондықтан олардың бірқатарын
дөңгелектеп алғанды жөн
көрдік.

Аталған бес жылда су
жеткізуде қызмет құнын субси-
диялауға облыс бойынша ша-
мамен 1,8 млрд теңге мемлекет
қаржысы алыныпты. Ал басым
дақылдардың құнын субсидия-
лау бойынша барлық қаржы ша-
мамен 5,6 млрд теңгені құрайды.
Одан кейін гербицид құнын
субсидиялау бойынша алынған
қаржы – жобамен 2,4 млрд теңге.
Тыңайтқыштардың құнын суб-



СУБСИДИЯ: Алашақ пен берешек

сидиялау бойынша алынған
қаржы осы жылдар ішінде 7,8
млрд теңгені құрайды. Бұған
2021 жылы алынға тиіс қаржы
да кіреді.

Төктерін айтқанда, 2017-
2021 жылдар аралығында об-
лыстың басты дақылдарына
берілген субсидия көлемі ша-
мамен 18 млрд теңгені құрайды.
Біздің пайымдауымызша, оның
15 млрд теңгесі күріш дақылна
қатысты. Шерімбет шамамен
күрішке қатысты жылна 3
млрд теңге құрайды. Қайталап
айтамыз, осының барлығы –
дөңгелектеп, цифрлардың не-
гізгі мазмұнын сақтай отырып
алынған деректер екенін еске
салғымыз келеді.

Иә, жоғарыда айтқандай,
біздің бюджет тайқазанының
ернеуі асып-төгіліп жатыр.
Бұл – байлық, қағаздағы цифр-
дан бас айналады. Алайда
мемлекеттің осынша қолдау
қаржысы үйіп-төгіліп беріліп
жатса да саладағы тіршілікке
аға ұрпақ өкілдері риза емес.

Аттарын атамауды сұраған сол
кісілердің айтқандары біздің
пайымдауымызша көңілге қо-
нымды. Өмірдің ашы-тұшысын
қатар тартқан білікті, білімді
ағайын күріштің орташа түсім-
ділігі 60 центнердің ақыға сый-
ымсыз екенін айтады. «Орташа
өнім 60 центнер болса, облыс
шаруашылықтарының тең жа-
рымы 40, екінші жарымы 80
центнерден өнім алу керек. Бұл
есепке де, логикаға да сыйым-
ды болар еді. Бірақ бұл цифр-
ды қағаз көтергенмен, өмір
көтермейді», – дейді олар.

«Жалағаш ауданы бойынша
күріш жинауға облыстың ірі
автокөлік кәсіпорындары тар-
тылып, гектарына 40 центнер
өнімді зорға тасып үлгіретін еді,
– дейді тағы бір азамат. Ал күріш
өнімді кім қалай, қайда тасып
жатқанын ешкім білмейді».

Әлқиссаны өзіміз айта
беретін салық түсімдерінен
бастайық. Әлгі екі ауданның
шаруашылықтары күріштен
мол өнім алатын болған-

дықтан, тиісті орынға ар-
найы қатынас хат жолдады.
Облыстық мемлекеттік кірістер
департаменті біздің өтінішімізге
сөйкес мынадай мәліметтер
жолдады. Атап айтқанда, біз
«Таң ЛТД», «Байтабын», «Еңбек
Жер», «Мақпалкөл», «Ер-Әлі»,
«Мағжан и К», «Шаған Жер»,
«Бесарық», «Мади Қажы» ЖШС
2020 жылдың қорытындысы бо-
йынша төленген салықтардың
мөлшеріне қанықтық. Бұл шар-
уашылықтар Сырдария және
Жалағаш аудандарының ау-
мағын қамтиды.

Откен жылы аталған шаруа-
шылықтар 2 млн теңгеден баста-
п 353 млн теңгеге дейін салық
төлеген. Соңғысы «Мағжан
и К» ЖШС-ның үлесі болып
табылады. Шамасы, бұл шар-
уашылықтың басқа саладағы
тіршіліктері сан салалы болуы
керек деп ойлаймыз. Жалпы,
қоғамдық пайымда «Мағжан
и К» туралы пікір бөтен емес.
Елге демеушілігі, қолдауы қо-
мақты. Сондай-ақ мұндай

салық мөлшері «Шаған Жер»,
«Байтабын» ЖШС, «Мади
Қажы» сияқты кәсіпкерлік
құрылымдарына тән. Халық
Жалағаш ауданы «Ер-Әлі» және
«Құрманбай ата» шаруа жожа-
лығы туралы да жақсы пікір
айтады. Шаруашылық өткен
жылы 1200 гектардан 75 цент-
нерден өнім алған. Күріштің
марамен тегістейді, тұқым сапа-
сына қатты мән береді. Ізденіп,
агротехниканы сақтайды. Қалай
болғанда да ел азаматтары
өзіне тіршілік істеп, нарық
жүйесіне сәйкес еңбектеніп
жатқан жағдайы бар. Өкінішке
орай, олар некен-саяқ.

Соңғы жылдары мемле-
кеттің салыққа қатысты көз-
қарасы өзгере бастады. Кім,
не үшін қаншалықты салық
төледі? Сол кәсіптің мемлекет-
ке қаншалықты тиімділігі бар?
Миллиардтаған теңге субсидия
алып, қазынаны тиын-тебенмен
алдаған кімдерге тиімді? Осы-
дан туындайтын тағы бір қызық
бар. Соңғы жылдары ауылдарда

дүрбелең көбейіп кетті. Елдегі
ағайынның көзі ашылып, бұрын
жерге қатысты берген пай үлесін
даулай бастады. Олар ауылдағы
шаруа қожайындарының ау-
қатты адамға айналғанын біліп
алды. Айтатыны жоқ, мәселе
күрделі, субсидияның несібесін
санаулы адамдар ғана көруде.
Бұл заңдылықты қайта қарау
қажеттігін тудырады. Себебі
халық жіктеліп, олардың кедей-
лену үрдісінің жылдам өрбуіне
әкеп соғуда. Айтатыны жоқ,
қауіпті үдеріс.

Әңгіменің ақиқаты керек,
ел бостан-бос даурықпайды,
тектен-тек шу көтермейді. Шы-
дамның да шегі бар, елдегі
халық тәзімі таусылған соң бас
көтереді. Оларды бос үдәнің
шаршатқаны қашан. Елдегі
ағайынның пікіріне сүйенсек,
қазір суармалы егіншіліктің про-
блемасы жылдан жылға ұшыға
түсуде. Шындығын айтқанда,
бұл кеңес жүйесінен бізге мұра
болып қалған 180 мың гектар
жер. Оған соңғы жылдары пайда
болған су тапшылығын қосыңыз.
Уәжді сөзге тоқтайтындар біздің
суды тым ысыраппен пайда-
ланып жатқанымызды айтады.
Қысқасы, есеп жоқ, барлығы сол
мезетте алған пайдасын қолайлы
көреді. Шаруашылықтардың
ішкі су жолдарының шешіл-
меген проблемасы шаш етек-
тен. Олардың бүгінге дейін иесі
айқындалмаған. Кім жөндейді?
Қалыпты деңгейде қалай ұстап
тұруға болады?

Мамандар жалпы облыста
егістікте терең талдау жүргізу
қажеттігін айтады. Шындық
айтылу керек. Біз әдетте суб-
сидия алу үшін егін өнімділігін
еселеп көрсетеміз. Ал алған
пайданан су құрылғыларын
жөндеуге қаржы бөлмейміз.
Табыстың қасында жұмсайтын
шығын тиын-тебен. Бірақ то-
йымсыздық психология өнім
өндіріп, қыруар пайда алуға
итермелейді. Жалпы халық
игілігі болса көнекей, табыс
санаулы адамдардың еншісіне
бұйыруда. Сонау қоныр күзден
келесі қыркүйекке дейін Моң-
ғолиядан бастап Шығыс Еуро-
па нарығына тасылып жатқан
күріштің игілігін облыста санау-
лы адамдар ғана көруде.

Мемлекет басшысы Қазақ-
станның ауыл шаруашылығында
еңбек өнімділігінің өте төмен
екенін мәлімдеді. Не істеу керек?
Ол әлемнің озық технологиялық
үдерістерін пайдалануды талап
етеді. Егер біз облыстың
аймақтық ішкі жалпы өнімінің
көрсеткіштерін алсақ, 2020
жылғы жалпы 1,6 трн теңгенің
ішінде ауыл шаруашылығы
саласының үлесі 100 млрд
теңгеге жетпейді. Қысқасы,
егін шаруашылығында шира-
татын шаруа көп. Бұл елдегі
халықтың өмірлік қажеттілігі
деп санаймыз.

ЖОЛ АПАТЫ АЗАЙМАЙ ТҮР

**Айыппұлдан
түрмеге дейін:
Жүргізушілер нені
ескеруі тиіс?**

Байқап қарасаңыз, жыл
сайын көлік апатына тап болып,
адамдардың мерт болу факторлары
автокөлік санының өсуімен бірге
көбейіп келеді. Оқыс оқиғалардың
жақындығын жанына жара са-
лып, тіпті Айна секілді отбасындағы
жалғыз қызының жолына қарап,
болашағынан үміт күткен ата-ана
ұшын ауыр соғады. Қызығалттыны,
қанша дабыл қағылса да өлім-жітім
азаймай тұр. Статистика солай дейді.
Жақында Ішкі істер министрлігі жол-
көлік оқиғалары салдарынан болатын
өлім-жітімнің үш түрлі себебі қазіргі
уақытта кең тарағанын хабарлады.
Олар – қарама-қарсы жолаққа шығып
соқтығысу, жаяу жүргіншілерді қағып
кету, көліктердің аударылуы. Осы үш
себепте жол-көлік оқиғаларында қаза
болғандардың 56%-ін құрайды. Әрбір
бесінші оқиға жылдамдықтың ар-
туына байланысты орын алады. Соның
әсерінен 515 оқиға орын алып, 44 адам
қаза тапқан, 681 адам жараланған.
Әрбір алтыншы оқиға маневр жасау-
мен байланысты, оның салдарынан
456 оқиға болып, 33 адам қаза тауып,
673-і жараланған. Сонымен қатар
әрбір сегізінші оқиға жылдамдықты
арттырумен байланысты. Жыл ба-
сынан бері жол апатынан қайтыс
болғандардың саны 12 процентке
көбейген деген дерек бар.

Ал, өңірде соңғы 6 айда 173 жол-
көлік оқиғасы тіркеліп, оның салда-
рынан 31 адам қаза тапқан, 217 адам
дене жарақатын алған. Республика
көлемінде жолдағы апат саны бойын-
ша 12-ші орындалыпты. Облыстық поли-
ция департаменті ЖПҚБ бастығының
орынбасары, полиция подполковнигі
Марат Рахметов облыс көлемінде
бірнеше ірі жол-көлік оқиғалары орын
алғанын мәлімдеді.

– Биыл «Қызылорда-Құмкөл» шаруа-
шылық маңызы бар тас жолдың
69 шақырымында екі автокөліктің
соқтығысу салдарынан 5 адам қаза

тауып, 5 адам дене жарақатын алды.
Бұдан бөлек, жақында «Шіркейлi»
каналының тұсында екі көлік
соқтығысып, біреуі суға құлап кеткен.
Көлік құтқарушылар күшімен жағаға
шығарылды, салоннан екі әйелдің
денесі табылды. Мұндай апаттар көп
тіркеледі және талдау нәтижелеріне
сәйкес 20-35 жас аралығындағы азаматтар
жол-көлік оқиғаларын жиі
жасайтыны анықталып отыр. Масаң
күйде көліктің ішіндегі тіндер, қауіпсіздік
белдігін тағуды ескермейтіндер,
көлікті басқарып келе жатып ұялы
телефонмен тілдесетіндер, тағысын
тағы себеп болуы мүмкін. Осындай
қарапайым ережелерді қаперден
шығару қайғыға душар етеді.
Мәселен, масаң күйде көлік тізгіндеп,
жол қозғалысы ережесін бұзғандар
түрмеден бір-ақ шығуы мүмкін. Президент
бұл мәселеде жауапкершілікті күшейтуді
тапсырды. Қазір жол ережесін бұзған
көлік иесі қандай деңгейде мас болды
деген заңда ешқандай айырма көрсетілмейді.
Ендігі заң бойынша қаннан алкогольді
табылса, онда ол бірден ауыр қылмыс
санатына жатқызылады, татуласуға
мүмкіндік берілмейді, 7 жылдан 10
жылға дейін бас бостандығынан және
жүргізуші куәлігінен айырылады.
Жол-көлік оқиғаларының салдарын
төмендету мақсатында қағида талап-
тарына сәйкес, белдік тақпаған жолаушы-
ларды тасымалдауға тыйым салынған.
Жыл басынан бері облыста
аталған тармақты орындамаған 6497
жүргізуші анықталып, тиісті шара
көрілді, – дейді М.Рахметов.

Сондай-ақ, «Қоғамдық көлік
жүргізушілері көлікті басқару кезінде
ұялы телефонмен жиі сөйлеседі,
бірі-бірінің алдына түсіп, жары-
сады» деген тұрғындар шағымын
жеткізген едік. Бұл ретте мамандар 6
ай көлемінде 645 құқық бұзушылық
тіркелгенін, оның ішінде қоғамдық
көлік жүргізушілерінің 92 ұялы теле-
фон қолдану дерегі анықталғанын алға
тартты. Алдағы уақытта да тұрғындар
қоғамдық көлік жүргізушілері тарапы-
нан қандайда бір құқық бұзушылық
деректері анықталса, нақты дәлелдеме
келтіре отырып, құзыретті органдарға
немесе «102»-ге шағымдануға құқылы.
Жалпы алғанда, заңнамаға сәйкес

жол ережесін бұзған жүргізушілер
әкімшілік жазаға тартылады. Көлік ай-
дау құқығынан айырылып қалу да бір
сәтте. Абайсызда жол апатына себепші
болғандардың жазасы тіпті ауыр.

**«Жол ережесін
балалар да білу керек»**

Балалардың қауіпсіздігі қашанда
өзекті. Мәселен, кемелетке толмаған
дардың кінәсінен биыл елімізде 60-
тан астам жол-көлік оқиғасы тіркеліп,
5 бала қаза болды, 70 жасөспірім
түрлі жарақат алған. «Өткен жылмен
салыстырғанда жол-көлік оқиғасының
саны 15%, қаза болғандардың саны
18% және жарақат алғандардың
саны 16%-ке өсті. Зардап шеккен
балалардың жартысынан көбі – жолау-
шылар. Демек, көп жағдайда ересектер
балаларды көлікпен алып жүрудің
ережесін жиі бұзады, олар балалар-
ды арнайы ұстау құралынсыз немесе
белдікті бекітпей тасымалдаған» деп
хабарлады ІМ Әкімшілік полиция
комитеті төрағасының орынбасары
Жандос Мұратғалиев. Сондай-ақ,
балалардың жолаушы ғана емес, жаяу
жүргінші екенін де ескеру керек.
Балаларға жол қозғалысы ережелерін
үйрету оқыс жайттардың алдын ала-
ды.



– Жаңа оқу жылы басталар тұста
оқушылар бағдаршамның жасыл түсі
жанғанның өзінде келе жатқан көлік
тоқтады ма, жақсылап қарап барып
өткені жөн. Өйткені кейбір автокөлік
иелері жасыл жанса да бірден
тоқтамай, жылдамдығын тежей ал-
май, жолақтан асып тоқтайтыны жа-
сырын емес. Кейбір жүргізушілердің
жан-жағына қарамай бастырмадата
жүретіні, кей адамдардың көлікті
рұқсат етілмеген тротуарларға, мек-
теп, балабақша ауласына жақын
қоятыны бар. Бір сөзбен айтқанда,
балаларға жол ережесін барынша
түсіндіруге тиіспіз, – дейді полиция
қызметкерлері.

Бұған қоса, қазір қала көшелерінде
жүйткіген, тұн тыныштығын бұза-
тын мотокөліктің дыбысын естуге
болады. Осыған дейін 500-ге жуық
жол жүру қағидаларының бұзу
дерегі анықталса, оның 5 дерегінде
жүргізушілер мотоциклді масаң
күйде басқарғаны анықталған. Жыл-
дамдыққа құштар жасөспірімдердің
бұл хобби алаңдағанды. Алайда қазір
профилактиканы күшейту және
жүргізушілерді сақтандыру мақса-
тында «Мотоцикл» шарасы ұйым-
дастырылуда. Бірақ, жастар сақтыққа
салғырт болмау керек.

**Әлемдік тәжірибе
не дейді?**

Жоғарыда басты қауіптің неден
келетінін тарқаттық. Соның ішінде
қоғамдық көлік жүргізушілерінің ұялы
телефонмен сөйлесіп, тіпті хабарлама жа-
зысып көлік айдайтыны келтірілді. Осы
орайда шетелдік тәжірибелен ұтымды
мысалдар ұсынсақ.

Жапонияның «Toyota Motor» корпо-
рациясы KDDI телекоммуникациялық
компаниясымен бірігіп, сондай-ақ
«Komeda» кафелер желісінің қолдауымен
Driving Barista деген құрылғы жасап
шығарды. Бұл құрылғы жүргізушілерді
көлікті айдау кезінде смартфоннан
бас тартуға мәжбүрлейді екен. Жаңа
мобильді қосымшаны тез келген
смартфонға орнатуға болады. Жүргізуші
бұл қосымшаны пайдалану үшін көлікке
отырада смартфонның төңкеріп қояны
керек. Ол кезде жүргізушіге жүрген
уақытына қарай ұялы жиналады.
Жүргізуші ұялы телефоны пайдалан-
бай 100 шақырым жүріп өтсе, «Komeda»
кафесінен тегін кофе ішу мүмкіндігіне
ие. Мұнан кейін жүргізушіге әрбір 200
шақырым үшін осы кафеден тегін кофе
ішуге арналған купон беріледі. Ал,
жүргізуші көлік ішінде байқаусызда
смартфонына қол созса, жинаған ұялы
күйіп кетеді. Аталған жоба Жапониядағы
ең көп жол-көлік оқиғасы тіркелген Аичи
префектурасында жүзеге аса бастаған.
Ал, жол сапасы жөнінен әлемде алдыңғы
орында тұрған Ұлыбритания жолда мерт
болғандардың саны жөнінен ең төменгі
көрсеткішке ие. 100 мың тұрғынға 5,4
денгейде. Бұл елде 1970 жылдан бері
жол-көлік оқиғасынан қаза тапқандар
саны азайып келеді. Жаяу жүргіншілерді
қағып кету оқиғасы 40 жылда 78 процентке
азайған. Сонымен қатар Оңтүстік Ко-
рея елінде жол апатымен жылдамдықты
шектеу арқылы күреседі. Ғалымдардың
зерттеуінше, жылдамдықты 10 про-
центке қысқарту арқылы адам өлімін
50 процентке азайтуға мүмкіндік бар.
Осындай озық тәсілдерді елімізде
қолдансақ, қаншама адамның өмірін
қауіп-қатерден сақтап қалар ма едік?! Ең
бастысы, мақалада келтірілген оқиға,
жол апатының тағыры, жауапты маман-
дар келтірген мысал көпке сабақ бола-
ды деген үміт басым.

Ж.ЖАБАЕВ – 175

Жыр дүлдүлі

Жамбыл Жабаев – казак поэзиясының қай жанрында жырласа да, өзінің кең тынысымен тереннен тербеп, шаққар шабытымен шымырлап ағатын дария сынды талант есі. Ақын шығармашылығы парасатқа, философиялық терен ұлттық құндылықтарға өте бай.



Оның ақындық дарыны жас кезінен-ақ таныла бастаған. Бозбала шағынан ортасын ән мен жырға кенелтіп, көршілес қырғыз еліне де данқы жайылған. Домбыра ойнауды ерте жасынан үйренді. Тіпті, кейін ақын-құрдастарының арасынан ерекшелене бастады. Атақты ақын Сүйінбайдың шәкірті болды. Көп жылдар бойы ұстазымен бірге жүріп, айтысын тындап, ақындық шеберліктің тәжірибесін үйренді. Ұстазы оған: «Жақсы сөзге сәттілік сенімен бірге болсын, ұлым! Адамдардың жадынан шығып кетпейтін, қуана есте сақтайтын өлеңдер шығар, сенің өлеңдерің тек санаулы адамдар ғана емес, бүкіл халық құлақ түрсін. Сенің өлеңдерің кеуделен емес, жүректен шықсын. Шынық туралы айта отырып, әділеттілікті жырла, басқалар салып кеткен жолмен емес, айналада болып жатқандарға карап, біліп, өз жолыңды тап. Хан қазынасынан гөрі жаңың бай болсын», – деп батасын берген. Жастайынан ақындық өнерге құмарған Жамбыл 14 жасында жырдың пірі Сүйінбай ақыннан бата алып, сөз өнерінің даңғыл жолына түседі. Сүйінбай Аронұлы – шашасына шаң жұқпаған айтыс ақыны, от ауызды, орақ тілді шешен, қазақ шежіресінің сұңғыла білгірі Жамбыл өзінің ұлы ұстазынан осы қасиеттердің бәрін алды.

Алып та биік, айдынды да айбынды жыр жампозы. Ақиық ақынның жыры да, сыры да мәңгілік тақырыпты қозғайды. Жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаев есімінің бүкіл жер шарын шарлаған кезі жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарының ортасы. Оның өлеңдері Азия мен Еуропа және басқа да кон-

тиненттер ұлттарының елу шақты тілдеріне аударылған. Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық-жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресей отаршылары – бір жағынан, Қоқан хандығы – екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар – үшінші жағынан казак халқын әлеуметтік-саяси қыспаққа алған шақ еді. Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеле», «Патша әмірі тарылды», «Зилді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік-саяси өмірін ақындық шыншылдықпен, азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді.

Ұлы казак даласында сан ғасырлық жолдан өткен жыраулық мектеп бар еді. Асанқайғы, Қазтуған, Шалқиіз, Доспанбет, Жиенбет, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Қаблица, Сүйінбай сынды жыраулар өмір сүрді. Ауыз әдебиетінің алыбы Жамбыл Жабаевта осы жыраулық мектептің соңғы өкілі десе де болғандай еді. Ол «Менің – пірім Сүйінбай, сөз сөйлемес сыйынбай» деп өмірін өлеңге арнады. Атақты Майкөп пен Құлмамбетті жеңіп, Жетісудың бірінші ақыны атанды.

Самалбек РЫСБАЕВ, Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің әдіскері

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Әлемде ұлттық мәдениетіміз орта немесе төмен деітін халық жоқ. Барлығы да жоғары деп санайды, айтады, жазады. Біз де сондай ұлттар қатарындамыз. Шын мәнінде, казак мәдениетінің ұлттық сипатын ұлттық код деп атауға болады. Мұндай кодтардың бірі біздің туыскандық қатынастарымызда жатыр. Туыскандық қатынастың көрініс табатын жері – салт-дәстүрімізде. Казактың салт-дәстүрі – ұлттық мәдениетінің биік тұғыры. Осы салтпен, дәстүрмен ғасырлар бойы халқымыз «тал бесіктен жер бесікке дейін» өз ұрпағының саналы, мәнді, қызықты, философиялық мәні зор өмір сүріп келгені бізге дейінгі ғылыми еңбектерден көреміз.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОД



– Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодтың сақталуы. Оның сақталуы – сол ұлттық кодтың дегенімізді құр жаңғырыққа айналуды оп-онай» дейді. Байыптан қарасак, аталған мақаланың казак үшін маңызы ерекше. Салт-саналық ұлттық кодтың болуға лайықты ұлттық кодтың халқымыздың өзге, тіні болу қажеттігін ескерте отырып, осы мақаламызда ой қозғайтын боламыз.

«Жаңғыру атаулы бұрынғыда тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шектескен карамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызы алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырының нұр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – делінген Елбасы мақаласында.

Әрине, мұндай ұлттық кодтармыздың әрқайсысы казактың казак екенін даралап тұрады. Ұлттық кодмызды даралаушы салт-дәстүріміздің бірден-бір көрінісі – құдалық. Құдалықты өткізу мәдениетінде казактың үлкен коды жатыр. Казакта туыскандық белгінің бірі – бір-біріне кез келген затты еш қайтарымыз беру дәстүрі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, құдалық – осы қатынастарды әйгілейтін туыстық қатынастардың бірі. Құдалықтың басы – жайшылықта айттыру немесе құдалық сөйлесумен басталса, кейде ұзақтан келетін бейтаныстардың құдалық жоғары түспалдай білдіретін «біз шаншу» деп аталатын ғұрыппен де басталып жатады. Ондайда «қонабайтын қонақ түсте келеді, қонатын қонақ кеште келеді» деген жосықты бұзып, түсте келген мұндай қонақтар ешкімнен ашылып сөйлеспей, аттарының ер-тоқымын бір жерге жиып қойып, түскі асын ішкен соң да кетпей жатып алады. Үй иесі қонақасына кешке мал сойып, бағып, күтеді. Келгендер ертеңіне үн-түнісз аттанып кетеді. Қонақтар кетісімен үйдегілер бұл сырдың жұмбағын шешкілері келіп, жапатармағай сырғақ қағуға кіріседі. Сол кезде сырғаққа шанышылған бізді көреді. Бұл – ұл ер жетті, қыз бой жетті, хас құлақ бала бізде бар, хас сұлу сізде бар, жекежат болайық дегені.

Араға көп уақыт салмай қыз жағы қайрақ сұратып кісі салмаса, алғай келіп құда түседі. Бұл жердегі ерекшелік – бізде. Біз – казакта көбінесе ерлер қолданатын сайман. Ал наным-сенімдік тұрғыдан оның нышандық (символикалық) мәні – ер адамның өсіп-өну, өрбу мен күш-қуатын мензейтін астары бар. Сонда ақсақалдардың сырғаққа біз шаныштып кетуі – бізде ұл бар еді, ол осы шаңыраққа да ұл болса қалай қарайсыздар деген емеуріні. Құдалықтың осы аталған және басқа түрлерінің келесі казак тілінде туыс, ағайын және іні деген ұғымдарды білдіреді. Бауырластық – туыстық, мей-

жеп, түстеніп, сөз салып, құдалар жағының ауанын барлап қайту. Ертеерте мұндай адамдарды «тілші» деп те атаған. Осы «біз шаншу» дәстүрі өкінішке қарай бүгінде жоқ. Бұл дәстүрді заманға лайықтап қолдануға да болар еді. Біз құралының маңызын ата-бабамыз жақсы түсіндіріп кеткен ғой. Оның негізгі тіні қалып, мазмұны да лайықты болғаны, заманауи тұрғыда жаңғырғаны ұлттық код үшін маңызды болмақ.

Құдалықтың баянды болуы көп жағдайда қыз айттыратын жаушыға байланысты. Жаушы жөн-жосықты білетін, тіл-ауызды, әзілге жүйрік адам болуы тиіс. Жаушылар сырт белгісімен-ақ көзге бірден еркешеленіп тұрады. Қызыл (бұрыл) ат мінген, сәнді, жеңіл киінген, шалбардың бір балағын етік қонышына салып, келесі балағын шығарып киген жаушы қыз үйінің төрінен бір-ақ шығады. Қызын беруді ұйғарған болса, мал сойылып, құрмет көрсетіледі. Сыбағалы табақ тартылып, ас ішіліп болған соң келген жаушы сөз алып: «Сізде бір лашын, бізде бір сұңқар бар. Сол лашынды бірден-бір көрінісі – құдалық. Құдалықты өткізу мәдениетінде казактың үлкен коды жатыр. Казакта туыскандық белгінің бірі – бір-біріне кез келген затты еш қайтарымыз беру дәстүрі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, құдалық – осы қатынастарды әйгілейтін туыстық қатынастардың бірі. Құдалықтың басы – жайшылықта айттыру немесе құдалық сөйлесумен басталса, кейде ұзақтан келетін бейтаныстардың құдалық жоғары түспалдай білдіретін «біз шаншу» деп аталатын ғұрыппен де басталып жатады. Ондайда «қонабайтын қонақ түсте келеді, қонатын қонақ кеште келеді» деген жосықты бұзып, түсте келген мұндай қонақтар ешкімнен ашылып сөйлеспей, аттарының ер-тоқымын бір жерге жиып қойып, түскі асын ішкен соң да кетпей жатып алады. Үй иесі қонақасына кешке мал сойып, бағып, күтеді. Келгендер ертеңіне үн-түнісз аттанып кетеді. Қонақтар кетісімен үйдегілер бұл сырдың жұмбағын шешкілері келіп, жапатармағай сырғақ қағуға кіріседі. Сол кезде сырғаққа шанышылған бізді көреді. Бұл – ұл ер жетті, қыз бой жетті, хас құлақ бала бізде бар, хас сұлу сізде бар, жекежат болайық дегені.

Құда, құда деселік, Құйрық-бауыр жеселік, Құйрық-бауыр жемесек, Несіне құда деселік, – деп өлеңдете келіп, құдаларға отырған адамдарға айнала құйрық-бауыр асатып шығады. Осы екі дәмнің үйлену салты кезіндегі ерекше сипатқа ие болуының астары – халықтың дәстүрлі наным-сенімінде жатыр. Мәселен, мал баққан көшпелі халықтарда май – молшылықтың, берекенің байлықтың нышаны саналады. Жаңа түскен келін босаға аттаған соң есіктің екі босағасына май жағуы, үйге кірген соң ошақ басында отқа май құюы, сияқты, т.б. жөн-жоралғылар майдың наным-сенімдік тұрғыдан туындайтын ғұрыптық қызметтерін айғайтады. Сондай-ақ, жайлы, жағымды, келісті, бай, ауқатты ұғымдарының синонимі ретінде казактар «майлы» сөзін де қолданатыны бар. Ал бауыр сөзі казак тілінде туыс, ағайын және іні деген ұғымдарды білдіреді. Бауырластық – туыстық, мей-

мандостық ұғымдарына ұқсас түсініктер беретіні мәлім. Сондықтан, бауырдай тату-тәтті болып, туыстасып, бауырласқанының белгісі ретінде бауыр тартылады.

Ендеше, адамдардың жақындасқандығын білдіретін, «бір табақтан ас ішкен» делінетін ежелгі салт бойынша май мен бауыр жесу арқылы жақсылық пен жамандыққа бірге болып, туыскандық жүгін бірге көтерісуге серт беріскен магиялық мәнді ғұрып атқарылады. «Құдай» (уәде) дескен, құйрық бауыр жескен» мақал осыдан қалса керек. Бұл – ұлттық код. Кодымызды, кейбіреулер айтты жүргендей, қой етінің иісі болуымен, холлестерінің көптігімен, зияндылығымен шатастырмай, керісінше, ұлттық ерекше сипат ретінде сақтай білуіміз керек.

Тіршіліктің осы бір сарынынан казактың бүкіл салттық өмірін, дәстүрін, мәдениетін көреміз. Өміріне үлкен мән болып енгені де соңғы «Құдай» (уәде) дескен, құйрық бауыр жескен» деген мәтелінен де көрімізге болады. Қазактың бүкіл өмірі бір-біріне деген үлкен сенімнен тұратындығын, ол сенім уәде деген өзге барып тірелетінін бағамдаймыз. Демек, айтылған сөз, айтылған оқ деп қарайтын казак үшін уәделесу, өзге тоқтау деген өте киелі саналып, оны бұзбау – өмірді бұзбаумен, мына сансалалы, қым-қуат тіршіліктің ұрыссыз, жанжалсыз өтуіне жағдай жасайтын казак философиялық тұрғыдан тереннен түсінгеніміз пайымдауымызға болар еді. Осыны тереннен түсінген халқымыз адамдар арасындағы коммуникацияны реттеу мақсатында өте нәзік әрекеттермен қарым-қатынасқа түскен. Әрине, бүгінде біз шанышудың дәл өзін алмаспақ та, сондағы негізгі идеяны алуымыз керек деп санаймын.

Құда түсуден кейінгі керемет дәстүріміздің бірі – киіт кигізу. «Киіт кино» – құда болып деген келісімнің белгісі. Киіт – құдалыққа әркімнің өзінің жолына қарай, яғни құдаға жақындығына қарай алатын сый-сияпат. Киітті әркім өзінің мүмкіншілігіне қарай кигізеді. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы салт-дәстүріміздің энциклопедиясы деуге толық негіз бар. Біреулер «киіт» деп ішік, манат кесе, Құнанбай баласы Абайға Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділді деген қызын айттыра келгенде «киіт» деп «тайтұяқ жамбы» алған.

Бүгінде киіт кигізбей қоя салуды көздейтіндер де бар. Әрине, қазіргі заманға сай деп, бәрі осы заманға жаба салу онай-ақ. Дегенмен, салтымызды жасамасақ, казактығымызға сын болмай ма? Керісінше, киітті қазіргі заманға лайықтап кигізуді ойластырған жөн-ау. Қоғамда әртүрлі топтағы адамдар болатыны белгілі. Қазіргі өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамда бірнеше сатыдағы адамдар бар. Соған сәйкес киіт кигізу салты құдалардың «көресіне қарай» болғаны да жөн секілді.

Лу – есік көре барған күйеудің әке-шешесінің құдаларына әжелген сыйы. Ілу

– киітке орай болады. Бірақ Құнанбай досы Алшынбаймен есептеспей «тайтұяқ жамбының» орнына одан үлкен «Бесік жамбы» алып барған. Бұл – ілудің басы. Қыздың «қырық жетісі» – деген салт-жоралғы, ол «ілуден» бөлек рәсім. Күйеудің қайын жұртына алғаш келуін «Есік көре келу», «Қайындату», «Ұрын келу» немесе кей жерлерде «жыртыс сала келу» деп те атайды.

«...өзі Арғынға белгілі Қазыбек, Тіленшінің Алшынбайы. Бұл атырапта казактың одан үлкен аруағы жоқ. Сондай ауылға бала қайындату, әсіресе ұрын жіберу осал қам емес. Мал-дүниенің барлығынан да көп үлес, мол шығын шығару керек деген сөз» – дей келіп автор: «Үй ішінің бұл жөніндегі сөздері қалай да болса аз болған жоқ, ұзақ болған... Баратын қара малды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды. Алшынбай ауылынан аяры жоқ... жылқы ішінен бір құла айғыр, бір жирен айғырдың үйірі кірген. Басы осы болсын дескен. Осыдан арғы үлкен әзірлікті тілейтін – жыртыстың пұл матасы» деп суреттейді ұлы жазушы.

Сонда ілу басы – бесік жамбы болғанда, ілу – екі үйір жылқы, отыз түйе, ал жыртыс – батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи секілді келінге жасау тігілетін мата. Яғни, келінге жасау тігілетін матаны қайын жұрты алып келген. Осындай бай дәстүрді мақтан етіп көрсетпей, керісінше дәстүрдің тозығы деп қарау – өзімізге жасаған қиянат емес пе? Мәселен, түріктің тарихи фильмдері «Сүлеймен сұлтан», «Көсем дәуірі» және т.б. тамашалағанда бүкіл байлықты, тазалықты, бекзаттықты көреміз. Ал тарихи шынық басқаша сөйлейді ғой. Біз неге казактың осыныша байлығын, қымбат киімі мен бекзат болмысын тарихи фильмдерде көрсете алмаймыз? Бізде де қалаар болып еді. Мінекей, сонымызға бір қайырылып, рухани жаңғыратын уақытымыз жетті деп санаймыз.

Жоғарыдағы үзіндінің өзінен казактың бай дәстүрі көрінеді. Тағы да қайталап айтуымызға тура келеді. Қазактың байлығы емес, адамдар арасындағы қарым-қатынастың реттелуіне қызмет ететін салт-дәстүр болды деуімізге толық негіз бар. Бұған қоса, казактың ырымы көп деп емес, әрқайсысына берілген атауды сақтап, сол салтты, дәстүрді сақтап, ұлтымызға, тілімізге құрмет көрсеткен жөн. Себебі ұлттың ұлт болып қалуы тікелей тілге байланысты.

Бір сұхбатында академик Аскар Жұмаділдаев қазіргі жастардың жақсы өмір сүруі үшін тұрақты жұмыс, қаржы керек. Сонда олардың махаббаттары мәңгілік болады деген болатын. Міне, осы сөзге тоқтай отырып, қалып мал беру – казактың ескілігі, қызды сату деп қарамай, керісінше, казактың жастарына деген ата-ананың қамқорлығы деп жаңғыртуымызға болады.

«Бірақ ұлттық кодды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кекжесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық» деген Елбасы мақаласындағы осы қағида біздің сөзіміздің ақын дәлелі бола алады.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дейді казак. Дәстүрдің озығының да, тозығының да казак халқының өмірінде маңызы бар болғанын атап өткізіп келеді. Ұлттымыздың әлеуметтік өмірін хабар береді. Сонымен қатар, казактың өміріне, тәртібіне, тәрбиесіне белгілі бір дәрежеде үлесін қосты. Сондықтан да оны тозық демей, қақтарлеп, жаңғыртып қолданған жөн.

Айдана МАХАМБЕТ, облыстық ішкі саясат басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ директорының орынбасары, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Сайын дала сандақ перзенттерін ешқашан ұмытқан емес. Арала сан ғасыр өткенімен, олардың есімдері жамағаттың санасында берік орныққан. Егемеді алғаннан бері мәдени мұрамызды жаңғыртып, текті тұгаларымызды қастерлеу үлгілі үрдіске айналды. Тар жол, тайғақ кешуде бұқараның қамын ойлаған абыздар ұрпағымен қайта қауышты. «Жақсының аты өлмейді». Майлыбас бекетінің маңынан салынған Мағдум Мағзам – Мағзаман кесенесі осынау қағидаңыз өміршеңдігін көрсеткендей.

Сb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Мағзаман әулие



зарды өзінің орнына қалдырып, Самарқандқа оралады. Мағдум Мағзам Жәнібек сұлтанның арнайы шақыртуымен мемлекет ісіне араласады. Сұлтан оған Миянқол деген аралды сыйға береді. Бұл жерде 4 некелі болады. Жаңа қоныста Мағдум Мағзам екен 10 түп шынар кейін зәулім ағаштарға айналыпты. Асқан ғұлама Сайд Ахмад Жалалдин Косани 81 жасында пәлден озады. Қабірі Самарқанд қаласына іргелес Дахбет елді мекенінде.

Дахбет – парсыша он түп тал деген ұғымды білдіреді. «Атадан тал қалсын» дегеніміз осы болар. Ұлы жолдың бойындағы кесене тым айбатты көрінеді. Қабырғасы Самарқандтың қыш кірпішінен қаланып, көк мәрмәрмен қапталса, есіктері Хиуадан әкелінгі. Бұхаралық ұстапар өрген ғимараттың биіктігі 21 метр болуының да себебі бар. Түп-төркіні киелі 7 – санының 3 еселенген түрінен алыныпты. Сыр бойы Қорқыт бабаның, Үш жүздің пірі Мүсірәлі Әзіз соһпының, Жанқожа батырдың, Айқожа, Құлболды, Марал, Қолсым ишандардың құтты мекені. «Тұлпар тектіден туады». Айтушылардың сөзіне қарағанда атақты Домалақ ана бабаның немесе қызы болып есептеледі екен.

«Мағзаман әулие Мұхаммед пайғамбарымыздың аналарды құрметтеу сынды үрдісін жалғастырушы. Көптеген мешіт-медресе ашқан. Әйелдерді ер адамдармен қатар оқытып, сауаттандыруды өмірге енгізген. Мағзаман бабамыздың баласы Ақсақ Темірдің, немересі Жалантөс баһадүрдің пірі болған. 1997 жылы Самарқандтағы Жалантөс баһадүрдің басына зират еттім. Сол жерде Мағдум Мағзамның өзіне қоса 30 ұрпағы жатыр екен» дегенді кезінде марқұм Сейілбек Шаухаманов көкемізден естіген едік.

Қазалы ауданы

Дерекке жүгінсек, бабамыз ел жадында Мағдум Мағзам немесе Мағзаман әулие есіммен сақталған. Азан шақырып қойылған ныспысы Сайд Ахмад Жалалдин Косани. 1461 жылы Ферғана аймағының Косан шаһарында дүниеге келген. Оқымысты, ақын, дін және мемлекет қайраткері. Алғашқы ұстазы Маулана Мир Сайд Әлидің медресесін тіл білімінің синтаксис, морфология саласы бойынша үздік бітірген. Мұнан кейін Маулана Мұхаммед Қазы, Қожа Ахрар Уали, Абдрахман Жами тәрізді ғұламалардан дәріс алады. Ең кереметі, «Мағдум Мағзам» атағын 30 жасқа жетпей иеленіпті. Бұл – «Хазіреттердің ұлығы» деген діни білім дәрежесіне берілген ең биік мәртебе.

Ол соңына көптеген ғылыми, мемлекеттік іс басқару жүйелері туралы құнды еңбектер жазып қалдырған. Өзі өмір сүрген дәуірдің діни, саяси-әлеуметтік мәселелеріне белсене араласқан қайраткер. Алшын жұртына пір сайланған. Сарыбайдың қызы Қамар анамызға үйленіп, ер балалы болады. Кейін ұлы Хакна-

РУХАНИ ЖАҒЫРУ



мүмкін болмады, шындық бұрмаланды, шындықты айтпақ болған Ермұхандай ғалымға қылбұрау салынды. Сөйтіп 25 жылға сотталып, итжеккенге, Сібірге айдалды.

Ұлттық сананы қалыптастыруда ұлт-азаттық қозғалысының тарихтан алар орны ерекше. XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарына талабы мен талантын, шабыты мен табысын бағыштаған тарихшы-ғалым ҚРҰА-ның мүшесі, профессор Ермұхан Бекмаханұлы екені баршаға аян. Жеке басқа табыну кезінде, Кеңестік тоталитарлық дәуірде ұлт-азаттық қозғалыстың зерттелуі



КЕНЕСАРЫ – СОҢҒЫ ХАНЫ АЛАШТЫҢ

Еліміз егемендікке жетіп, тәуелсіздік алған сәтте шындықты ашып айтар күн туды. Жұртшылыққа мәлім, Алтын Орда ыдырап, Шыңғысхан іргесін қалаған империя құлаған кезде оған 300 жыл бойы бағынышты болған орыс мемлекеті есін жиды. Дәл осы кезде түрік тектес халықтардың да, Қырым, Қазан, Астрахань, Қазақ, Сібір хандықтары құрылды. Орыс мемлекеті бірте-бірте күшейіп, империяға айнала бастады. Ол алма-кезек Қырым, Қазан, Астрахань, Сібір хандықтарын жаулап, өзіне бодан етті. Сөйтіп, біздің сахараның шетінен бір-ақ шықты. Қазақ еліне Бұқар ата айтқандай:

кандай деген сұрақ туады?

1. Ұлт-азаттық қозғалыс империя тұрғысынан қаралып келді.

2. Азаттық үшін көтеріліс бір-бірінен бөлшектеніп жеке-жеке қаралды. Ал шын мәнінде 1784-1797 жылдар С.Датұлы бастаған көтеріліс, 1824-1836 жылдардағы Саржан сұлтан бастаған халық толқуы, 1836-38 жылдардағы Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс, 1837-1847 жылдардағы Кеңесары бастаған қозғалыс, 1856-1857 жылдардағы Жанқожа бастаған көтеріліс, міне, осылай тізбектеле кете береді. Сонау XVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін осындай 300-ге жуық көтерілістерді санауға болады.

3. XIX ғасырға үнісек, Ресей отаршылдығына қарсы 25 жылға созылған нағыз Шәмшідің қозғалысы, поляктардың көтерілісі, Өндіжандағы халық толқулары.

4. Ал әлем көлемінде бір кезеңде Үндістан сыпайлары ағылшын отаршылдарына, Абд-әл-Кадар бастаған Алжир халқының француз отаршылдарына қарсы, Қытайда ұлт-азаттық қозғалыстары жүріп жатты.

Ресей тарихнамасында отаршылдық цивилизациясы көшпенділер өркениетіне қарсы қойылып келді. Дала өркениеті отаршылдық өркениетінен бірнеше саты төмен қаралды. Шындығына келсек, көшпенділерсіз отаршылдар өркениеті жоқ. Олар болса Македонскийдің, Шыңғысханның қалың қолын тоқтатты. Ресейді, Еуропаны талай рет апаттан алып қалды. Көшпенділер өркениеті әлемге жоғары өнерімен, мәдениетімен, әдебиетімен, соғыс өнерімен танылды. Көшпенділер өркениетінің құдіретінің бірі – хандық билеу құрылымы.

Хандық билік XVII-XVIII ғасырлардағы даму барысында бірнеше кезеңнен өтті. Жау жағадан, бөрі етекпен алған заманда ханның қаһары қайтты, оның күні барша халыққа түсті. Хан әулеті, сұлтандар, феодалдар қиын-қыстау күнде халыққа қалқан бола алмады, олардың қоғамдағы мәртебе-дәрежесі төмендеді. XVIII ғасырда Шыңғыс әулетінен тараған ханзадалардың қадірі құлдыраған кез еді. Ел

басына күн туған кезде қазақ елінің ханзадалары тақта емес, ұрыс алаңында сыңға түсті. Халықтың ары мен намысын қорғау ер, күрес стратегиясын болжар көреген, қажырлы қайраткер ғана дүрбелең сынынан өте алды. Бөрілі байрақ көтерген ұлы Шыңғыстың ата дәстүрінің шын мәніндегі мұрагерлері азайған шағы еді. Міне, осы сәтте қазақ еліне жау ойран салғанда, Бұқар баба айтқандай, «қиядан қиуа төгілсе, атының басын тартпаған, қисапсыз жау көрінсе, түршігіп беті қайтпаған батыр шыққан халқынан, қазақ атты халқынан».

Қарадан шыққан әскери элита, елге билік айтқан шешендер мен көсемдер ханның тірегіне айналды. Хандық билік пен ақыл-қуштің тетігі – батырлар мен билер билігіне ұласты. Билер мен батырлар әкелген кара халықтың рухы хандық өктемдікті шектей білді. Үш жүз біртұтас халық болып қауышып, ынтымақ-бірлік туы астында табысатын. Шын мәнінде, осындай барша халықтың жиындар сол заманға лайық парламент болатын. Абылай ханның даналығы мен көрегендігі осы бір дала демократиясын, хандық диктатураны бір тірекке бала білді. Ерік – ұранымызға, бірлік құранымызға осылай айналды. Бөгенбай бастаған, Қабанбай қостаған жаужүрек батырлар – Абылайдың семсер ұстаған қолы болса, Бұқар дана мен Төле би бастаған шешендер мен көрегендер тобы Абылайдың сезімтал жүрегі болды. Міне, осылай диктатура мен дала демократиясы жаугершілік заманда өзіндік үндестігін тапты. Хан жанында билер алқасы, әділқазылар алқасы, хан Кеңесі қалыптасты. Басқаша айтқанда, осы бір кезеңде дала демократиясы дүрлідеді.

Сондықтан кейбір зерттеушілердің хандық құрылысты тарихи кезеңде нақты зерттемей монархияға апарып тіреуін мен өз басым дұрыс деп санай алмаймын. 1822-1824 жылдары хандық билік біржола жойылған кезде Кеңесары хандық билікті қалпына келтіргені деп күрес бастағанда атасы Абылай, әкесі Қасымның жолын қуды.

Кеңес тарихнамасында біз

хан Кеңесары қозғалысын «бау-кеселер» дәрежесіне, ал хан Кенені өзін кара жолдың бойын торылдаған қарақшы бейнесіне дейін төмендетіп келдік. Ал қазір хан Кенеге деген құрмет жоғары сатыға көтерілген сәтте де сол тарихи тұлғаның қадір-қасиетін біз әлі де жете біле бермейміз. Ал, шетелдік тарихшы В.Потто хан Кенені «қазақтың Шәмшілі» деп бағалаған. Алайда Кеңесарының өле-өлгенше күресіп өткенін, ал Кавказ халықтарының рухани көсемі атақты имам Шәмшідің орыс басқыншыларына қарсы жиырма жылдан аса соғысып, ақыр соңында өзі берілген де естен шығармаған ләзім. Имам Шәмшінің аруағын шешен елі, бүкіл Кавказ жұрты әлі күнге дейін қастерлейді, рухына табынып отырады.

Ресей империясы Кеңесарыны «бүлікші», «қарақшы» деп, ал сұлтандардың көбісі «ақ патшаға боданбыз» деп ант бергені жеріне қала салып әскерін төгіп жатқанда мың етпеген Ресей қазақ даласын өз жері деп үйренген ғой. Бірақ, шындығына келсек, Кеңесарыны барша қазақ өз ханы сайлаған!

Он жыл бойы үзіліссіз Ресей империясымен, опасыз Қоқан хандығымен соғысып, өз ғұмырын арнаған Кеңесары хан 1847 жылы шейіт болды.

Нысанбай жырау жырағандай Кеңесары өлгенде: Кеңе ханның тұсында, Қарт бұрадай жаралдық. ...Кене хан жазым болған соң Шіл боғандай таралдық. Шіл боғандай таралдық. Кісі аузына қарадық! – деп елдің жайын тура айтқан. Жүрегі лаулаған от, ғажайып патриот хан Кене еңкейсе, нен еліне, шалқайса, асқар шыңына сүйенеді, халық басына күн туғанда елдің тірлігін, елдің бірлігін, оның еркіндік туын ұстаған ер. Кене ханның батырлығы – ерен батырлық. Ол – дәуір перзенті, дәуірдің алып тұлғасының бірі, алмағайып ғасырдың батыры.

Тәуелсіздік үшін арпалысқан Кеңесарыдай ерлер халық тарихында мәңгі жасайды.

Өтеубай ҚОЖАҚҰЛЫ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
 - ✓ кепілсіз
 - ✓ алты жылға дейін
- ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ



Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

«Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет- құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

№	Тегі, аты- жөні	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты
1	Мақашов Сұлтан Ысқақұлы	Басқарма басшысы	Сейсенбі	16:00 – 17:00
2	Мырзабеков Марат Салқадияұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сәрсенбі	17:00 – 18:00
			Жұма	17:00 – 18:00
3	Махшатов Исабек Бақытжанұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сәрсенбі	17:00 – 18:00
			Жұма	17:00 – 18:00

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ЭЗІРЛІК ҚАЛАЙ?

Өңірдегі әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығы жоғары деңгейде. Бүгінде аймақтағы білім беру ұйымдарының 80,2, денсаулық сақтау нысандарының 75,3, мәдениет саласына қарасты мекемелердің 74,6 процентінде кіші қазандықтар жолдудан өтіп, жылу беруге дайын. Бұл туралы брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Жолмаманов мәлімдеді.

Алдағы жылу маусымына дайындық бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Мәселен, жылу беру кезінде облыстағы әлеуметтік нысандар 33 мың тонна көмір мен 25 мың тонна дизель отынның тұтынатын болса, тұрғындарға жоспар бойынша 140,4 мың тонна көмір отын қажет. Қазіргі таңда қажетті отын көлемін жеткізуші мекемелермен келісімшарт жасалып, кезең-кезеңімен жеткізілуде. Әлеуметтік нысандарға қажетті мөлшердің 14% жеткізіліп, сұйық отынның 64 % бар. Тұрғындар үшін 11 мың тонна көмір қоры қалыптасқан.

«СБ» ақпарат



Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

Су қоры жерлерін аймақтарға бөлу және пайдалану

Су – әрбір тірі организм үшін маңызды элемент болып табылады. Су өмірдің барлық салалары мен өндірістің барлық түрлерінде қолданылады, сондықтан су ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау қажеттілігін ескеру керек.

Осы жылдың I шілдесінен бастап жаңа Экологиялық кодексті қабылданып, оның 235-бабы «Су қоры жерлерін аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» бойынша су қоры жерлерін аймақтарға бөлу кезінде су объектілерін қорғау қамтамасыз етіледі.

Су қоры жерлерінің құрамындағы жер учаскелерін жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып жеке және заңды тұлғаларға ауыл, орман, балық, аңшылық шаруашылықтардың мұқтаждықтары үшін және жер учаскесінің негізгі нысаналы мақсатына қайшы келмейтін, жердің ластануы мен тозуына және тиісінше, экологиялық ахуалдың нашарлауына алып келмейтін басқа да мақсатта уақытша жер пайдалануға беруі мүмкін.

Су қорының жерлерін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыруға Қазақстан Республикасы су заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары болған кезде:

- су объектісінің жұмыс істеуі тоқтатылған не оның экологиялық және гигиеналық көрсеткіштері едәуір өзгерген;
 - олар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне жатқызылған;
 - өзгерген жағдайда жол беріледі.
- Су қорғау белдеулеріне бөліп берілген жерлер елді мекендер мен өнеркәсіп жерлерінің санатына ауыстырылмайды, оларда судың ластануын, коксытануын және сарқылуын болғызбау үшін шаруашылық қызметтің арнайы режимі белгіленеді.

Облыстық жер қатынастары басқармасы

Осыдан біршама уақыт бұрын Ауғанстанда әлем жұртшылығының ұғымында террористер ұйымдарын басқаратын тәліптердің басып алуы таңданыс туғызған болатын. Америкалық әскердің елден шығарылуы мұң екен айналасы екі аптаның ішінде Ауғанстан үкіметі тәліптер екіпінше қарсылық көрсетпестен билікті тастап кетті.

АУҒАНСТАНДА АХУАЛ КҮРДЕЛІ



даушылық басым. Ауғанстаннан қоныс аударғысы келетіндердің легі күн санап өсе түсуде. Көптеген елдер өз елшіліктерін көшіруге асығуда.

Ауғанстанда болып жатқан соңғы оқиғалар әртүрлі пікірлердің орбуіне ықпал етуде. Бірқатар мемлекет басшылары ендігі жерде Ауғанстанда Ресей мен Қытай ықпалының күшеюіне алаңдаушылық білдіруде.

Тәліптер қозғалысының өкілдері Мұхаммед Омар, Якуб Мұхаммед Омар жергілікті теларнаға сұхбат беріп, барлық мемлекеттік шенеуніктерді қызметтерін жалғастыруға шақырды. Олардың айтуынша, жаңа билік бұрынғы шенеуніктерге толық кешірім береді. Әйелдерге қатысты шектеулермен тыйым салынбайды. Бірақ жергілікті ауған өкілдері тәліптердің сөзіне сенімсіздікпен қарайтынын мәлімдеді.

Өз кезегінде Қазақстан елшілігі қажет болған жағдайда Ауғанстандағы ел азаматтарын қайтару мүмкіндіктерін толық жасап жатқанын, олардың арасында бірнеше ондаған этникалық қазақ отбасыларының бар екенін атап көрсетті. Қазір Ауғанстандағы жағдай күрделі. Оның кандай бағытқа қарай сипат алу мүмкін екенін ешкім болжай алмайды.

«СБ» саясат

Хабарландыру

ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-1 Заңының талаптары және «Достық Жер МК» ЖШС-ның Жарғысы негіздерінде құрылтайшылар бастамасы бойынша «Достық Жер МК» ЖШС қатысушыларын кезектен тыс жалпы жиналысқа шақырамыз.

Жиналыс 2021 жылдың 03 қыркүйек, жергілікті сағат 10:00-ге өзгертілді. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылының клубында санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізіледі.

Күн тәртібінен:
1. Серіктестіктің 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстары бойынша есепті бекіту.
2. Серіктестіктің атқарушы орган – директорын 5 жыл мерзімге сайлау.
3. Директорды сайлау туралы қабылданған тиісті шешім туралы уәкілетті органға хабарлау мәселелері қаралады.

«Достық Жер МК» ЖШС
БИН: 080240010157

Арал ауданының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық қоғамдық кеңесі және аудандық қалалық ардагерлер кеңесі Арал ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кішкенә Айбосыновқа інісі **Жақау Дәуренбековтың** дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы қазақтың көрнекті қаламгері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты **Жақау Дәуренбековтың** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері» ШЖК КМК ұжымы бөлім меңгерушісі Гүлшат Даужигитоваға әкесі **Темірхан Даужигитұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Емделушінің алғысынан артық ештеңе жоқ»

Жалағаш ауданының халқы жақсы біледі, дәрігерлер династиясы – Кәметовтер әулеті көп жылдан бері денсаулық саласында абыройлы қызмет атқарып келеді. Әулеттің басшысы, ҚР Денсаулық саласының үздігі, «Құрмет» орденді дәрігер Ханзулла Кәметов бірнеше жыл аудандық емханаға басшылық жасады.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



Қоғамға, елге қызмет етуге бар саналы ғұмырын арнаған білікті дәрігер балаларын да осы салаға баулып, антына адал, халқына қалтқысыз қызмет етуге тәрбиеленді. Бұл күнде әке аманатын орындап, әлеуметтік жауапкершілігі биік – медицина саласында абыройлы еңбек етіп жүрген ағайынды Кәметовтерге тұрғындардың алғысы шексіз.

Атап айтар болсақ, Рүстем Сәдуақасұлы көпжылдық тәжірибесі бар узи-хирург болса, Ғалымжан Кәметов өз ісін жетік менгерген рентгенолог-терапевт. Ал кардиолог дәрігер Ақнұр Кәметованың қызметіне жүгінетіндердің қатары көп. Олар да дәрігердің біліктілігіне дән риза. Өз міндеттерін адал атқарып келе жатқан дәрігерлер алғыс, марапаттардан кенде емес. Өйтсе де, олар үшін дертіне дауа тапқан жандардың ыстық ықыласы мен ақ батасынан артық ештеңе жоқ.

Заман талабына сай бүгінде медицина саласында да бәсекелестік артып, қызмет сапасының жана сатыға көтерілгені рас. Осыған орай дәрігерлер династиясы – Кәметовтердің бастамасымен «КК Кәметов клиникасы» ашылып, тұрғындарға қызмет етіп келеді.

Жаңа медициналық аппараттармен жабдықталған клиниканың жоғары санатты дәрігерлеріне аудан тұрғындары зор сенім артады. Айталық, мұнда кардиолог, терапевт, уролог дәрігерлер қызмет көрсетеді. Ол үшін «ЭКГ», «СМАД холтер» (тәуліктік қан қысымын зерттеу), урологиялық физиоэм «УЗД-3Д», «Матрикс-Уролог» – лазерлі-сәулелі емдеу аппараты, соңғы үлгідегі «Электрофорез» сияқты таңдаулы медициналық жабдықтар бар.

– Емханада терапия, артериялық, кардиологиялық, урологиялық емдеу шараларын жүргізумен қатар, балалар аурулары бойынша білікті педиатр кеңес береді. Бұдан бөлек, күндізгі стационарда емделуге де барлық жағдай жасалған. Алдағы уақытта клиниканың қызмет аясын ұлғайту жоспарда бар, – дейді Ғалымжан Кәметов.

Иә, соңғы жылдары денсаулық саласының алдында тұрған міндет еселеніп артып, жауапкершіліктің де салмағы басым болып тұр. Осындай сындалы кезеңде әлеуметтің жүгін көтеріп, аурудың алдын алуда және созылмалы сырқаттарды емдеуде «КК Кәметов клиникасының» қызметіне елдің алғысы ерекше.



РУХАНИ ЖАҒЫРУ

Ертеректе ата-бабамыз тұрмыстық заттардың бәрін қолдан жасады. Жасап қана қойған жоқ, онда еліміздің мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарынан хабар беретін айшықты бейнелерді қосты. Осылайша, құнды жәдігерге айналды. Қара базарда қолөнер бұйымдары самап тұрды. Оны қызыға алатындар көп еді. Бірақ бұл – өткеннің еншісіндегі дүние. Ал, қазір қалай?

Бүгінде қолөнер тек сәндік үшін қолданылып келеді. Осы тұста сала мамандары қолөнерді дамытудың жан-жақты жолын қарастырды. Тіпті, туризмді дамыту үшін қолөнерді

Қолөнер шеберлері одағынан қолдау бар ма?

Елге белгілі өнер шеберлері Алматыда арнайы баспасөз мәслихатын өткізіп, онда Қазақстанның Қолөнер шеберлері одағын құру жөніндегі шешімдерін жария еткен болатын. Көп өтпей одақ құрылып, жұмысын бастады. Қолөнер шеберлері одағының құрылуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Одақ ең алдымен, барлық шеберлерді біріктіріп, ұлттық қолөнер саласын тың белестерге және бәсекеге қабілетті заманауи деңгейге көтеруге ықпал етіп келеді. Одақтың басты мақсаты – елімізде және шетелде қолөнер шеберлерінің дәрежесін көтеру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, болашақ жас буын үшін ұлттық рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау мен дамыту.

белгілі қолөнер шеберлері қатысуға бел буып отыр. Егер жеңімпаз атанса, жобасына қолдау бар.

Нұрқанат ат әбзелдерін жасайды

Жанакорғандық Нұрқанат Тұрғанбек бала күнінен ат әбзелдерін тігіп үйренген. Анасы тігінші болған. Алғашында ол нокта, тартпа тігетін. Кейін әбден ысылып нағыз маман болды. Қазір ол тоқым, жүген, терлік, желдік, өмілдірік, тұяқ, сіңір қаптарды тігеді. Қамшы өруді менгерді. Оның қолынан шыққан бұйымдары елімізден өзге сырт елдерге де жөнелтілуде. Бастапқыда есігінің алдындағы ескі сарайда жұмыс істеді. 2019 жылы аудан орталығынан жеке дүкен ашты. Қытайдан автоматтандырылған тігін машинасын алдырды. 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтыды.

Қолөнерге қолдау керек

қолдау қажет екенін түсінді. Өйткені, сырттан келген туристерді қызықтыратын бір бұйымтай – қолөнер туындылары. Облыста қолөнермен айналысушылар жетерлік. Ал, нағыз шеберлер санаулы. Олардың арасында зергелік бұйым жасайтын, ағаштан түйін түйетін, құрақ құрап, кілем тоқитын қолөнершілер бар. Талай ұста-шеберлер мақаламызға арқау болды. Дегенмен, ұлттық өнер қаншалықты зерделенуде? Қолдау мен демеу бар ма? Олардың қолынан шыққан туындылар қайда өткізіледі деген сауалдарға жауап іздеп көрейміз. Ұлттық қолөнерді дамытып, жанашырлық танытып жүрген жандардың бірі – Қарлығаш Ілиясова. Оның есімі өңірге жақсы таныс. Ол саусағынан өнер тамған шебер Қазақстан шеберлері одағының мүшесі. Десе де, ол талай жобаның аяқсыз қалғанына қынжылады.

– «Жалғыздың үні шықпаса» деген. Бұл салада жүргеніме қаншама жыл болды. Мойнымда жауапкершілік жүгі де бар. Қолөнерді қолдауға, дамытуға арналған көптеген жоба іске аспай қалды. Бір-екі жобаның ғана жүзеге асқаны болмаса. Тиісті орындарға талай ұсынысымды айтып, қолдау болса деген ниет білдіргенмін. Құптағандай болады. Бірақ іс әлі күнге дейін созылып келеді. Мен өз ісімді дамыту арқылы жетістікке жеткен жаным. Қолды бір сілтеуге де болады. Бірақ бәрін біліп тұрып, қарап отыруға дәтім шыдамады. Талай істің алға жылжуына атсалысып келемін. Бірақ қолдайғындар аз. Мәселен, өзге өңірлерде қолөнерге қолдау бар. Онда қолөнер мектептері ашылған. Жұмыс істеуге жағдай қарастырылған. Біздің өңір төменгі сатыда, – дейді ол.

Қарлығаштың айтуынша, қазір екіншісі бірі қолөнермен айналысады. Бірінің қызығушылығы болса, бірі арнайы курс оқып алған. Бұл дұрыс, әрине. Ал, нағыз өнермен айналысушылар қатары сирек. Сол себепті шын шеберлердің, шынайы туындылардың бағасын білуіміз керек.

Мұражайда киіз үйден басқа қолөнер бұйымы жоқ

Жергілікті мұражайларда өңірімізге белгілі шеберлердің дүниесі кездесе бермейді. Мұны қолөнер жанашыры Қарлығаш Ілиясова да құптады. Жас ұрпақ тарихты білу үшін музейге бас сұғады. Сонда тек құжаттар мен өзге дүниелерді тамашалап қайтады. Сол мұражайда ұлттық қолөнерге арналған бұрыш болса да жарасар еді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Біз жаңғыру жолында бабаларымыздан мирас болып қанымызға сіңген, бүгінгі тамырымызда бүлікеліп жатқан ізгіліктерді қайта түлетуіміз керек» деген болатын. Демек, ұлттық болмысымызды айшықтайтын қолөнерімізді де қайта жаңғыртууды қолға алып, қолдау керек. Соңғы кездері ұлттық мұраны сақтау, оны дамыту, жастарға үйрету сынды мәселе көтеріліп жүр. Бірақ, қолдау жоқ. Бала-баулар ізін жалғаған, қаннан берілген асыл қасиетті дәріптеген шеберлер қатары да сиреп барады. Олардың білген-түйгендерін, қолөнердің сырын кейінгі буын өкілдері менгеріп қалуы тиіс. Әзірге, олардың қолынан шыққан туындылары тек көрмелердің сәнін кіргізіп тұр.

Қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан туындыларды сақтау мақсатында «Вот Nomad» бірлескен жобаның басталғанын хабарлады. «Вот Nomad - Power Award» ұлттық байқауы қазақ мұрасын қайта жаңғырту мен кеңінен насихаттауға, Қазақстанның мәдени мұраны сақтау мақсатында «Вот Nomad» бірлескен жобаның басталғанын хабарлады. «Вот Nomad - Power Award» ұлттық байқауы қазақ мұрасын қайта жаңғырту мен кеңінен насихаттауға, Қазақстанның мәдени мұраны сақтау мақсатында «Вот Nomad» бірлескен жобаның басталғанын хабарлады.

Мүмкіндіктері кеңейген қолөнершілер сауда мамандарымен, интернет арқылы тауар сатушылармен, шығармашылық индустриясының мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесетін және ынтымақтаса алатын жоба арқылы Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан арасында коммерциялық синергия құруды көздейді.

Қатысушылар дәстүр мен мәдениет, инновация, әйел шебері, жас талант, 3D қолөнері және шығармашылық ынтымақтастық номинациялары бойынша бақ сынады. Жөнімпаздарды Америка Құрама Штаттары мен Қазақстанның кәсіби топтарының өкілдері және сарапшыларынан тұратын іріктеу комиссиясы анықтайды. Бұл жобаға өңірден де



Қарлығаш Ілиясованың тағы бір құптарлық ойы бар. Ол мықты шеберлерді мемлекет қолдап, өндіріс алуға көмек беру керектігін айтады. Бір жағынан қолөнер дамиды, екінші жағынан жеңіл өнеркәсіптің өркендеуіне жол ашылады, үшіншіден, қаншама ісмерді жұмысқа алып, жұмыссыздық деңгейі төмендейді. Бір ғана мысал, Түркіменстан кілем шығарып, оны мықты брендке айналдырып отыр. Жұрт олардың кілемін іздеп жүріп алады. Неге бізде осы деңгейге көтерілмеске?! Мықты шеберлерге соңғы үлгідегі технологиялармен жұмыс жасауды үйретіп, өнімін заман талабына икемдеп шығарса, сауда жүретіні анық. Одақ жергілікті шеберлердің бағын біріктіріп сырт елдің де мықты қолөнер шеберлерін шақырып, арнайы дәріс ұйымдастырады. Бұл тәжірибе алмасуға, жаңа дүниені үйренуге, ұлттық өнерді жанаша тұрғыдан дамытуға мүмкіндік береді. Түрлі байқаулар өткізіп, оған еліміздің түкпір-түкпірінен шеберлер қатысуда. Мәселен, жақында Қазақстандағы АҚШ елшілігі мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау, дәстүрлі қолөнерді сыртқы нарыққа жылжыту мен шығармашылық индустрияларды дамыту арқылы мәдени мұраны сақтау мақсатында «Вот Nomad» бірлескен жобаның басталғанын хабарлады.

«Вот Nomad - Power Award» ұлттық байқауы қазақ мұрасын қайта жаңғырту мен кеңінен насихаттауға, Қазақстанның мәдени мұраны сақтау мақсатында «Вот Nomad» бірлескен жобаның басталғанын хабарлады.

Мүмкіндіктері кеңейген қолөнершілер сауда мамандарымен, интернет арқылы тауар сатушылармен, шығармашылық индустриясының мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесетін және ынтымақтаса алатын жоба арқылы Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан арасында коммерциялық синергия құруды көздейді.

Қатысушылар дәстүр мен мәдениет, инновация, әйел шебері, жас талант, 3D қолөнері және шығармашылық ынтымақтастық номинациялары бойынша бақ сынады. Жөнімпаздарды Америка Құрама Штаттары мен Қазақстанның кәсіби топтарының өкілдері және сарапшыларынан тұратын іріктеу комиссиясы анықтайды. Бұл жобаға өңірден де

– Қазір ат әбзелдерін дайындайтын ұста аз. Санаулы десем де болады. Қамшы өруді жергілікті шеберден үйрендім. Ал, қалғандарын бала күнінен менгергенмін. Жылқы мен адам баласы бір-бірімен тығыз байланысты. Қазақ оны бір тұтқан. Күтімін ерекше жасаған. Тіпті, ер-тоқым күмістен соққанын да білеміз. Мен ісімен жалыққан емеспін, қайта шабыт аламын. Тек өкініштісі, еңбегім алып-сатарлардың қолында кетуде. Олар менен арзан баға алады. Ессесіне, үстіне баға қосып, қымбатқа өткізеді. Неге? Себебі, жергілікті жерден тапсырыс жоқтың қасы. Көбіне өзге өңірлерден алушылар табылады. Олар дайын еңбектен үстеме көріп отырандар. Қолөнерге қолдау керек. Шынайы еңбек бағасын алса, кадрленсе дейміз де, – дейді ол.

Расында, шебердің сезінгі жаны бар. Ұлттық өнердің бойына жан бітіріп отырған азаматқа қолдау керек-ақ. Жақында аудан әкімі Руслан Рүстемов жас жігіттің өнеріне куә болды. Бұл байланыс үмітті еселей түсті.

«Дәстүр» дәріптеліп келе ме?

Облыста қолөнершілерді қолдау мақсатында өткен жылы «Дәстүр» орталығы ашылды. Жетекшісі – Қанат Ақпанов. Орталыққа мүше шеберлер Арал мен Жанакорған ауданы аралығын қамтыды. Қазір онда 30-дан астам шебер біріктірілген. Мақсат – өңірдегі шеберлердің басын қосып, олардың қолынан шыққан бұйымдарын насихаттау, кейінгі жастарға үйрету, көрме сынды іс-шаралар ұйымдастыру.

– Жақында Аралда «Атадан балаға мұра» атты тақырыпта облыстық көрме өтті. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткізілген көрмеге жергілікті және өзге өңірлерден де қолөнер шеберлері қатысты. Ата-бабамыздан қалған төл өнерді жалғастырушы, жаңғыртушы шеберлер өте өзекті мәселелерді қозғайды. Біздің де мақсат – осы. Көптеген жоба бар. Бірақ пандемияға байланысты кейінге шегеріліп келеді. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың қолөнері қоғамда лайықты орнын алса деген ой, – дейді ол.

Қорыта айтқанда, қолөнерге көңіл бөлініп, дамуына жағдай жасалуы керек. Қолөнерде ұлттың үні бар. Ал оның жаңғыруы – біздің болмысымыздың айғағы.

ҚАЗ ҚАЛПЫНДА

«Қаляни апа»

Бір құрдасымын анасы тура мінезді, ағайын-туысқа сыйлы адам еді. Жолдасынан ерте қалып, үйемелі-сүйемелі перзенттерін жалғыз өзі жеткізді. Қаранайым жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. Маңдайынан тері сорғалап жүріп, адал нан тапты. Қалайша қайран қалмасқа?! Мардымсыз айлықпен отбасын асырап қоймай, балаларының жоғары білім алуын қамтамсыз етті. Қайран, аналар-ай!

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Аллаға шүкір, еңбегі қайтты. Перзенттері өсіп-жетіліп, бір-бір шаңырақтың егелеріне айналды.

Анамыз өмірден өткенше қолында, яғни, қарашаңырақта менің құрдасым отбасымен болды. Құрдасымын келіншегі сүп-сүйкімді әрі өте кішіпейіл жан. Енесін бақиға аттанғанша туған анасындай сыйлап, құрметтеді. Айтқан сөзін ешқашан екі етіп көрген емес. Оған төмендегі оқиға да дәлел болады.

Апамыздың жасы ұлғайған шағы. «Адам қартайғанда бір бала» деген ғой. Анамыз әлгі «Келін» атты үнді сериалын үзбей көреді екен. Тіпті кино желісіне ойша еніп, актрисаларға қатты еліктейтінге ұқсайды. Мәселен, кино басталар қарсаңда келінін жұмсап, өзінің оюлы, үлкен сандығын аштырады. О, аналарымыздың сандығында не жоқ дейсіз?! Сандықтың ішінен

алтын-күмістен соғылған сақина-білезік, әшекей бұйымдары, жібек мата алғызады... Сақина-білезікті жарқыратып өзінің келінінің қолдарына салғызады... Әшекейді тағынып, жібек мата жамылып, екеуі «Қаляни» мен «Ананды» болып сериал тамашалауға кіріседі. Апам мұз-мейрам. Енесінің үнемі көңілін жақспайтын, ешқашан айтқанынан шықпайтын адал, ақылды келіні қарияның жас балаша қуанғанына апасынан бетер марқаяды. Кинодан соң алтын-күміс, әшекей, мата сандыққа жол тартады. Ертеніне, арғы күні, онан кейін дәл осы көрініс тағы қайталанады...

Өткен, үнді актерлары өздеріне осыншалықты берілген «фанат» барын білген жоқ. Қазекеннің киногерлері де көрермендерін баурайтын тамаша туындыларды көптеп түсірсе ғой...